

МАЗМҰНЫ

| | |
|---|-----------|
| КІРІСПЕ | 4 |
| I. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ АХУАЛДЫҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ | 8 |
| 1.1. Болжамның алғышарттары | 8 |
| 1.2. Базалық сценарий бойынша экономикалық даму серпіні | 12 |
| 1.3. Болжамның балама сценарийлері | 15 |
| 1.4. Ортамерзімді келешектегі тәуекелдер | 16 |
| II. АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫ | 19 |
| 2.1. Базалық мөлшерлеме бойынша шешімдер | 19 |
| 2.2. Ақша ұсынысы | 19 |
| 2.3. Ақша нарығы | 20 |
| 2.4. Валюта нарығы | 21 |
| 2.5. Қор нарығы | 22 |
| 2.6. Депозит нарығы | 23 |
| 2.7. Кредит нарығы | 24 |
| III. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР | 27 |
| 3.1. Сыртқы сектор | 27 |
| 3.3. Еңбек нарығы | 34 |
| 3.4. Инфляция | 38 |
| 3.5. Фискалдық саясат | 43 |
| БОКСТАР | |
| 1-бокс. Әлемдік азық-түлік нарығына шолу | 28 |
| 2-бокс. Үлкен деректердің негізінде еңбекке деген сұранысты талдау | 36 |
| 3-бокс. Электр энергиясы тарифтерінің көтерілуінің тұтынушылық инфляцияға әсері | 41 |



Ақша-кредит саясаты туралы баяндама Ұлттық Банктің тоқсандық басылымы болып табылады, онда инфляцияға әсер ететін негізгі макроэкономикалық факторлардың талдауы, сондай-ақ макроэкономикалық өлшемдердің қысқа мерзімді және орта мерзімді перспективадағы болжамы қамтылады.

Құжат Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсында қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде электрондық нұсқада жарияланады.

Макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамы **2021 жылғы 28 мамырдағы**, макроэкономикалық көрсеткіштердің талдауы **2021 жылғы 1 маусымдағы** жағдай бойынша статистикалық ақпарат негізінде дайындалды.

2021 жылғы 7 маусымда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақша-кредит саясаты жөніндегі комитеті базалық мөлшерлемені +/- 1,0 п.т. пайыздық дәлізімен жылдық 9,00% деңгейінде белгілеу туралы шешім қабылдады, шешім сыртқы және ішкі экономикадағы ахуалды егжей-тегжейлі талдау, инфляцияның болжамды серпінінің нақты мәндерге сәйкестігі, сондай-ақ орта мерзімді перспективаға арналған негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің жаңартылған болжамдары негізінде қабылданды.

Коронавирустық пандемиямен күресу бойынша шектеу шараларының сақталуына, сондай-ақ вирустың жергілікті өршуі мен жаңа штаммдардың пайда болуына қарамастан, әлемдік экономиканың біртіндеп қалпына келуі байқалады. Бұған әлемнің көптеген елдерінде кеңінен таралған вакциналаудың ауқымды бағдарламалары үлкен ықпал етеді. Жаһандық іскерлік белсенділіктің қызмет көрсету секторында біртіндеп қалпына келуімен қатар өндіріс пен жаңа тапсырыстардың ұлғаюына байланысты өсуі, халықаралық ұйымдардың әлемдік экономиканың өсуі бойынша болжамдарын арттыру жағына қарай қайта қарауға негіз болды. Осылайша, ХВҚ 2021 жылға әлемдік экономика бойынша болжамды 5,5%-дан (ж/ж) 6,0%-ға (ж/ж) дейін көтерді.

Қазақстанның сауда серіктес елдері бойынша болжамдар да жақсарды. ЕО экономикасы вакциналау бағдарламалары мен шектеу шараларын алып тастау жағдайында 2021 жылы 4,4%-ға (ж/ж) өседі деп күтілуде. Қытай экономикасының өсуі жалғасады, бірақ экономикалық өсуге қысым қазіргі уақытта шикізат жеткізілімдері мен бағасының өсуіне байланысты проблемалар тудыруы мүмкін. Ресей экономикасы биыл болжам бойынша 3,8%-ға артады (ж/ж). Бұл ретте күтілетін өсім ОПЕК+ келісімінің қолданылуы аясында тау-кен өнеркәсібі мен экспорттың баяу өсуімен, сондай-ақ ішкі тұтынудың күтілгеннен баяу қалпына келуімен шектелуі мүмкін.

Қазіргі уақытта Brent маркалы мұнайдың әлемдік бағасы барреліне 70 АҚШ долларынан жоғары. Бағалар елдер жүргізіп отырған вакциналау нәтижесінде мұнайға сұраныстың жылдам өсуімен, сондай-ақ жақын болашақта мұнай өндіруді біртіндеп ұлғайту жөнінде қабылданған шешім аясында ОПЕК+ елдерінен мұнайдың неғұрлым ұстамды ұсынысымен түбегейлі қолдау табады. 2021 жылдың екінші тоқсанынан кейін ОПЕК+ пен ОПЕК-тен тыс елдерде мұнай өндіруді біртіндеп ұлғайту аясында мұнай бағасы ағымдағы мәндерден төмендейді деп күтілуде. Дегенмен, 2021-2022 жылдар ішінде ол барреліне шамамен 60 АҚШ долларын құрайтын болады.

Әлемдегі ағымдағы эпидемиологиялық жағдайды және халықаралық ұйымдардың болжамдарын назарға ала отырып, Ұлттық Банк базалық сценарий шеңберінде мұнай бағасын қайта қарап, оны 2021-2022 жылдары орташа есеппен бір баррель үшін 60 АҚШ долларына дейін көтерді.

Әлемдік тауар нарықтарындағы сұраныстың қалпына келуі және бағалардың өсуі аясында инфляциялық процестердің, оның ішінде Қазақстанның сауда-серіктес елдерінде айтарлықтай жеделдеуі байқалады, бұл ішкі бағаларға сыртқы инфляциялық қысымның күшеюіне себепші болады.

Қазақстан экономикасында қалпына келтіру процестері жалғасуда және тұрақты сипатқа ие болуда. 2021 жылғы қаңтар-ақпанда қысқарғаннан кейін наурыз-сәуірде экономика өсімінің оң қарқыны байқалды. 2021 жылғы қаңтар-сәуір қорытындылары бойынша нақты ІЖӨ-нің өсу қарқыны жылдық мәнде 0,7%-ды құрады. Өсу қарқынының жеделдеуі өңдеу өнеркәсібінде, құрылыста, ауыл шаруашылығында, ақпарат пен байланыста байқалады. Ауқымды вакциналаудың басталуы және ел ішінде де, одан тыс жерлерде де карантиндік шектеулерді

жеңілдету қызмет көрсету секторының салаларын, атап айтқанда сауда мен көлікті қалпына келтіруге ықпал етеді. Сонымен қатар, ОПЕК+ келісімінің қолданылу шеңберінде мұнай өндіру бойынша шектеулердің қолданылуы жағдайында шикізат секторы ІЖӨ серпініне теріс үлес қосуды жалғастыруда.

Инвестициялық белсенділік көбінесе инвестициялар құрылымында елеулі үлес алатын тау-кен өндіру секторындағы инвестициялардың қысқаруына байланысты біршама бәсеңдеді. Сонымен қатар, экономиканың қалған салаларында, атап айтқанда өңдеу өнеркәсібі, байланыс және ауыл шаруашылығы салаларында әртараптандыру және цифрландыру жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар қолдайтын инвестициялардың оң серпіні байқалады. Тұрғын үй құрылысына инвестициялар серпінінде өсудің жоғары қарқыны сақталуда, бұл ипотекалық кредит берудің мемлекеттік бағдарламаларын іске асыруға және халықтың тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін БЖЗҚ-дан зейнетақы жинақтарының бір бөлігін шешіп алуға байланысты болып отыр. Бұл үрдістер 2021 жылғы бірінші тоқсанда инвестициялық импорттың өсуімен қатар жүреді.

Тұтынушылық сұраныстың қалпына келуіне экономика салаларындағы іскерлік белсенділіктің жақсаруы, сондай-ақ зейнетақы мен стипендияға бюджет шығыстарының өсуі аясында нақты жалақының өсуі жағдайында халықтың әл-ауқатының өсуі ықпал етеді. 2021 жылғы бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша халықтың нақты табысының өсуі жылдық мәнде 3,4%-ды құрады. Тұтынушылық сұраныстың кеңеюі бөлшек сауданың жедел динамикасында, тұтынушылық импорттың, әсіресе азық-түлікке жатпайтын тауарлардың едәуір өсінде және бөлшек кредит берудің жоғары өсу қарқынында байқалады. Халықты ауқымды вакциналау және карантиндік шектеулерді жеңілдету сұранысқа оң әсерін тигізуде.

Жиынтық сұраныстың кеңеюі, сыртқы инфляциялық қысымның жоғарылауы, сондай-ақ жекелеген тауар нарықтарындағы біржолғы факторлардың әсері аясында ішкі инфляциялық процестердің жеделдеуі байқалады. Мәселен, 2021 жылғы мамырда жылдық инфляция 7,2%-ға дейін жеделдеп, Ұлттық Банктің болжамынан жоғары қалыптасты. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар мен ақылы қызметтер бағасының айтарлықтай өсуі 2020 жылғы жоғары базасы аясында азық-түлік компоненттерінің дезинфляциясымен ішінара теңестірілді. Сонымен қатар, жылдық азық-түлік инфляциясының 9,3%-ға дейін баяулауына қарамастан, ол бағаның жалпы өсуіне негізгі үлес қосуды жалғастыруда. Жекелеген тауар нарықтарында бағаның өсу үрдісі сақталуда, бұған азық-түлікке әлемдік бағаның өсуі де ықпал етеді. Инфляцияның азық-түлікке жатпайтын және сервистік құрамдас бөліктерінің тиісінше 6,7% және 5,1%-ға дейін күрт жеделдеуіне жанар-жағармай материалдарының қымбаттауы және электр энергиясына тарифтердің өсуі себеп етті. Бұл ретте азық-түлікке жатпайтын тауарлар құрылымында киім мен аяқ киім бағасының өсуінің жалғасуы байқалады, бұл тұтынушылық сұраныстың орнықты қалпына келуін көрсетеді. Сұраныстың тез қалпына келуі реттелмейтін қызметтердің жекелеген түрлерінің құнының өсуіне де әсер етеді. Реттелетін қызметтерге бағаның төмен өсу қарқыны жоғары сервистік инфляцияны тежейтін фактор болып табылатынын айта кету керек. Өз кезегінде, халықтың инфляциялық күтулері жекелеген тауар нарықтарында, атап айтқанда, күнделікті сұранысқа ие тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге жоғары деңгейде және күтілмеген өзгерістерге ұшыраған күйінде қалып отыр.

Нақты инфляцияның неғұрлым жоғары қарқыны ішкі сұранысты қалпына келтіру, өндіріс шығындарының өсуіне таратылатын әлемдік тауар нарықтарындағы бағалардың тұрақты өсуі жағдайларында проинфляциялық қысымның айтарлықтай күшеюімен бірге инфляция бойынша қысқа мерзімді болжамдарды арттыру жағына қарай қайта қарауға негіз болды. Осылайша, Ұлттық Банктің жаңартылған болжамдарына сәйкес, 2021 жылы жылдық инфляция бұрынғыдан баяу қарқынмен бәсеңдейді. 2021 жылдың қорытындысы бойынша ол

нысаналы дәліздің жоғарғы шегінің жанында 4-6%-дан **асу жоғары ықтималдығымен** қалыптасатын болады.

Инфляция бойынша орта мерзімді болжамдар да баға белгілеу процестеріне фискалдық ынталандырудың кейінге қалдырылған әсеріне байланысты алдыңғы бағалаулармен салыстырғанда шамалы өсу жағына қайта қаралды. 2022 жылы жылдық инфляция нысаналы диапазон шегінде қалыптаса отырып, баяулауды жалғастырады. Инфляциялық процестердің баяулауы Қытайда және ЕО-да өзінің нысаналы деңгейлеріне инфляцияға қол жеткізбеу жөніндегі күтулермен қоса жүретін сыртқы инфляциялық қысымның әлсіреуі және әлемдік азық-түлік бағаларының біртіндеп төмендеуі аясында өтетін болады.

Ұлттық Банктің болжамдары бойынша Қазақстан экономикасын қалпына келтіру әлемдік экономиканың өсуі және сауда әріптес елдердегі экономикалық жағдай бойынша неғұрлым оң болжамдар, сондай-ақ қайта қаралуы әлемдік мұнай нарығындағы оң үрдістердің басым болуымен негізделген мұнайға неғұрлым жоғары сценарийлік бағалар аясында неғұрлым жылдам қарқынмен жалғастырылады.

Базалық сценарийге сәйкес 2021 жылы Қазақстан экономикасының өсуі ағымдағы жылы бюджет шығыстарын ұлғайту жағына қайта қарау аясында оң фискалдық импульсті кеңейту жағдайында **3,6-3,9%** деңгейінде күтілуде. Экономика салаларындағы іскерлік белсенділіктің неғұрлым тез қалпына келуі, сондай-ақ халық табысының өсуі экономиканың өсу драйвері болатын жиынтық сұраныстың кеңеюіне ықпал ететін болады. Сонымен қатар, ІЖӨ серпініне импортты қалпына келтіру тежеуші әсер ететін болады. Биылғы жылдың екінші жартысында экспортты қалпына келтіру ОПЕК+ шектеулерінің жеңілдеуіне қарай мұнай өндіру көлемінің ұлғаюына, қазақстандық экспорттық тауарларға сыртқы сұраныстың өсуіне байланысты болады.

Орта мерзімді перспективаға арналған ІЖӨ-нің өсуі бойынша болжамдар да оң фискалдық импульстің кейінге қалдырылған әсері жағдайында шамалы өсу жағына қарай қайта қаралды. 2022 жылы ІЖӨ-нің өсу қарқыны **4,0%-4,3%**-ға дейін жеделдейді, бұған эпидемиологиялық жағдайдың жақсаруы аясында ішкі сұраныстың оң өсу қарқынының сақталуы және ОПЕК+ мәмілесі шеңберіндегі шектеулердің одан әрі жеңілдеуіне қарай экспортты кеңейту ықпал ететін болады.

Алдыңғы болжамды раундпен салыстырғанда тәуекел-бейіні біршама нашарлады, бұл инфляцияның базалық сценарийден ауытқу тәуекелдерінің жоғары деңгейде екендігін көрсетеді. Әлемде COVID-19 қарсы вакциналаудың тиімсіздігі және/немесе толық қамтылмауы әлемдік экономиканың қалпына келу жылдамдығына теріс әсер етуі және шикізат бағасының төмендеуіне әкелуі мүмкін. Ішкі тәуекелдер арасында сұраныс пен ұсыныс инфляциясы ерекшеленеді, оларды жүзеге асыру қысқа мерзімді және орта мерзімді перспективада инфляцияның едәуір жеделдеуін тудыруы мүмкін.



I. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ АХУАЛДЫҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

I. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ АХУАЛДЫҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

1.1. Болжамның алғышарттары


Елдердің вакциналау және қаржылық қолдау жөніндегі белсенді саясаты, бір жағынан, әлемдік экономиканың тез қалпына келуіне әкеледі, бірақ, екінші жағынан, бағаның өсуін жеделдетуге және дамыған елдерде ынталандыру шараларының неғұрлым жылдам қысқаруына байланысты бірқатар тәуекелдерді іске асыру ықтималдығын арттырады.

Әлемдік экономиканың өсуі бойынша халықаралық ұйымдардың болжамдары айтарлықтай өсу жағына қарай қайта қаралды, оған әлемдегі эпидемиологиялық жағдайдың жақсаруы, сондай-ақ ынталандыру шараларын іске асыру аясында бірқатар ірі елдердегі ағымдағы экономикалық өсудің күшеюі ықпал етті. Сонымен қатар, Үндістанда немесе вакциналау баяу қарқынмен өтетін немесе тіпті қолжетімді емес басқа елдерде эпидемиологиялық жағдай одан әрі нашарлаған жағдайда әлемдік экономиканың қалпына келуі ұзаққа созылуы мүмкін. Сонымен қатар, әлемдік экономиканың неғұрлым тез қалпына келуі әлемдегі геосаяси шиеленістің күшеюімен, сондай-ақ сауда соғыстарының қайта жандануымен шектелуі мүмкін.

Жоғарыда аталған оң факторларды ескере отырып, ХВҚ 2021 жылы әлемдік экономиканың өсуі бойынша бағаны 5,5%-дан (ж/ж) 6,0%-ға (ж/ж) дейін көтерді. Бұрынғыдай дамыған елдермен салыстырғанда дамушы экономикалардың неғұрлым жылдам өсуі күтіледі. 2022 жылға да баға жақсарды, алайда 2021 жылға қарағанда баяу өсу күтілуде (2022 жылға арналған болжам 4,2%-дан (ж/ж) 4,4%-ға (ж/ж) дейін көтерілді).

Нәтижесінде, осы жылдың басында көптеген Еуропа елдерінде вирустың таралуына байланысты шектеу шаралары ұзартылғандықтан, сондай-ақ вакциналау процесінің баяулауына байланысты 2021 жылғы бірінші тоқсанда ЕО елдері экономикаларының төмендеуі байқалды. 2021 жылғы екінші тоқсаннан кейін жағдай едәуір жақсарады деп күтілуде, бұл вакциналау бағдарламаларын өрістетумен, сондай-ақ көптеген карантиндік шектеулерді алып тастаумен бірге жүреді.

1-график. Нақты мәнде Қытай, ЕО, Ресей ІЖӨ өсу қарқыны, ж/ж, %



Дереккөзі: Eurostat, National Bureau of Statistics of China, Росстат, Consensus Ecs.

Дегенмен, АҚШ пен Қытайға қарағанда еуропалық экономикалардың көпшілігі дағдарысқа дейінгі өндіріс көлеміне, кем дегенде, 2022 жылдың басына дейін қол жеткізе алмайды деп күтілуде. Жыл басындағы экономикалық белсенділіктің төмен серпініне байланысты Consensus Ecs. 2021 жылы ЕО экономикасының өсу болжамын 4,1%-дан (ж/ж) (2021 жылғы 8 ақпандағы алдыңғы бағалау) 4,0%-ға (ж/ж) дейін азайтты (1-график). Бұл ретте 2022 жылға дейін бағалау 4,0%-дан (ж/ж) 4,1%-ға (ж/ж) дейін жақсартылды.

Қытай экономикасы 2021 жылдың бірінші тоқсанында өткен жылдың төмен базасы аясында жоғары өсу қарқынын көрсетті. Бұл нәтиже аяқталады деп күтілуде және 2021 жылдың екінші тоқсанынан бастап Қытай экономикасы неғұрлым қалыпты динамикамен сипатталады, бұл қазір бөлшек сауда, инвестициялар және өнеркәсіптік өндірістегі өсудің күрт баяулауымен расталады. Қазіргі уақытта тауар жеткізілімдерімен және шикізат тауарларына шығындардың өсуімен байқалатын проблемалар сақталған жағдайда экономикалық белсенділікке қысым күшеюі мүмкін. Коронавирустық пандемияның салдарымен күресу аясында өткен жылы мемлекет тарапынан енгізілген қаржылық ынталандырудың қысқаруы қосымша тежеуші фактор болуы мүмкін. Экономикалық өсу әлемдік экономиканың қалпына келуі аясында экспорттың одан әрі ұлғаюымен, сондай-ақ елдегі жоғары инвестициялық белсенділікпен қолдау табатын болады. Consensus Ecs. Қытай бойынша 2021 жылға арналған болжамды 8,4%-дан (ж/ж) 8,7%-ға (ж/ж) дейін жақсартты (1-график). 2022 жылға арналған болжам 5,5% (ж/ж) деңгейінде өзгеріссіз қалды.


Consensus Ecs болжамы бойынша Ресей экономикасы 2021 жылы 3,1%-ға өседі (ж/ж) (2021 жылғы 18 қаңтардағы алдыңғы бағалау-2,8%-ға өседі (ж/ж)) (1-график). Мұнайдың неғұрлым жоғары әлемдік бағасы, сондай-ақ инвестициялық белсенділіктің күтілетін күшеюі өсудің басты драйверлері болады. Екінші жағынан, экономикалық белсенділіктің болжамды қалпына келуі ОПЕК+ жаңартылған келісімінің аясында мұнай өндіруді баяу өсіру нәтижесінде тау-кен өндірісі мен экспорттың баяу өсуімен шектелуі мүмкін. Қолда бар кірістердің күтілетін әлсіз өсуіне байланысты, оның ішінде монетарлық жағдайлардың күшеюіне байланысты ішкі тұтыну да тежеуші әсер етуі мүмкін. Экономикалық белсенділіктің төмендеу тәуекелдері соңғы уақытта қайта басталған геосаяси шиеленіспен де байланысты. 2022 жылы Ресей экономикасы өзінің ықтимал деңгейіне оралады. Consensus Ecs болжамына сәйкес экономиканың өсу қарқыны., 2,7% (ж/ж) құрайды (2021 жылғы 18 қаңтардағы алдыңғы бағалау – 2,7%-ға өсу (ж/ж)).

ЕО-да жанармай бағасының жоғары болуына байланысты, карантиндік шектеулер алынып тасталғаннан кейін ішкі сұраныстың тез қалпына келуі, сондай-ақ өткен жылдың соңында бірқатар Еуропа елдерінде ҚҚС мөлшерлемесінің төмендеуі аясында инфляция болжамы сәл көтерілді. Инфляция 2021 жылы шыңына жетеді деп күтілуде, одан әрі 2022 жылы баяулайды (2-график).

Қытайда инфляция болжамы да біршама көтерілді. Базаның әсерінен тұтыну бағаларына ең көп қысым 2021 жылдың соңында болады деп күтілуде. Алайда, бағаның күтілетін үдеуі нарықтағы ұсыныстың өсуіне байланысты өткен жылы шошқа еті бағасының өсуіне қарағанда біршама қалыпты болады. 2022 жылы инфляция тежелген күйінде қалады (2-график). Күтулері бойынша өндірушілердің бағалары 2021 жылдың ортасында ең жоғары мәнге жеткеннен кейін, төмен базаның әсері таусылған сайын біртіндеп төмендейді.

Consensus Ecs. жаңартылған болжамдарына сәйкес, Ресейде тұтынушылық инфляцияның жеделдеуі күтілуде. Бағаның болжамды өсуі азық-түлік пен шикізатқа әлемдік бағаның өсуіне байланысты сыртқы факторлардың үйлесуіне, сондай-ақ рубльдің АҚШ долларына одан әрі құнсыздануына байланысты болады. 2021 жылдың ортасына қарай ең жоғары мәнге

2-график. Қытайдағы, ЕО-дағы, Ресейдегі инфляция, ж/ж, %



Дереккөзі: Eurostat, National Bureau of Statistics of China, Rosstat, РФ ОБ, Consensus Ecs., European Commission

3-график. Әлемдік мұнай нарығының серпіні



Дереккөзі: EIA

4-график. Мұнайды әлемдік тұтыну, ж/ж



Дереккөзі: EIA

жеткеннен кейін бағаның өсу қарқынының біртіндеп баяулауы болжанады. Дегенмен, 2021-2022 жылдары инфляция таргеттелетін деңгейден жоғары болады (2-график).

Әлемдегі эпидемиологиялық жағдайдың жақсаруы монетарлық ынталандырудың жоғарылауымен бірге жаһандық инфляциялық қысымның күшеюіне әкелді. Бұл, өз кезегінде, ірі орталық банктердегі мөлшерлемелерді төмендету циклін алып тастау болжанғаннан тезірек тәуекелдерді арттырады.

Елдердің вакциналау жөніндегі белсенді саясаты әлемдік мұнай нарығындағы ағымдағы жағдайдың және болашақ дамуға қатысты күтулерге айтарлықтай жақсаруына алып келді.

EIA бағалауы бойынша мұнайға сұраныс мұнай ұсынысынан кем дегенде 2022 жылдың басына дейін алда болады, бұл мұнай тапшылығының сақталуына себепші болады. 2022 жылғы бірінші тоқсанға кейін сұранысқа сәйкес келетін теңдестірілген мұнай нарығына әкелетін мұнай жеткізілімінің ұлғаюы күтілуде (3-график).

Халықаралық ұйымдардың болжамдары бойынша мұнайға жаһандық сұраныс биыл орташа есеппен тәулігіне 5-6 млн баррельге артып, тәулігіне 96-98 млн баррельді құрайды (4-график). Көптеген елдерде COVID-19-ға байланысты шектеу шараларын алып тастау, әуе сапарларының қайта басталуы, сондай-ақ жазғы маусымның басталуы жақын болашақта мұнайға сұраныстың айтарлықтай өсуіне әкеледі деп күтілуде. Тұтынудың өсуіне негізгі үлес АҚШ пен ЕО тарапынан күтіледі, онда вакциналау деңгейі 50%-ға жақындады. Болжамдық кезең ішінде мұнайға сұраныстың айтарлықтай жылдам өсуіне қарамастан, дағдарысқа дейінгі деңгейге оралу тек 2021 жылдың соңына қарай орын алуы мүмкін.

Әлемдік мұнай өндіру биылғы жылдың ортасына қарай неғұрлым жылдам қарқынмен өсе бастайды (5-график). Мұнай өндірудің ұлғаюы, ең алдымен, шектеулерді біртіндеп жеңілдету туралы қабылданған шешімге байланысты ОПЕК+ елдерінде күтіледі. Мұнай өндірудің өсу қарқынын жеделдету АҚШ, Канада және Бразилияда да күтілуде.

Атап өтетін оң факторлармен қатар іске асырылуы жағандық мұнай нарығының ағымдағы жай-күйі мен даму перспективаларына теріс әсер етуі мүмкін бірқатар тәуекелдер бар. Біріншіден, Үндістанда және жалпы Азияда коронавирус ауруының тез өсуі ерекше алаңдаушылық тудырады. Сонымен қатар, әлемдегі вакциналау жетістіктерімен қатар мұнайға сұраныстың маусымдық кенеттен өзгеруі осы жағымсыз әсерді бәсеңдетеді.

Сондай-ақ, қазіргі уақытта АҚШ әкімшілігі Иранға енгізілген бірқатар санкцияларды алып тастау мүмкіндігін қарастыруда, бұл сайып келгенде мұнай ұсынысын арттырып, бағаларға төмен қысым көрсетуі мүмкін.

Сондай-ақ, қазіргі уақытта АҚШ әкімшілігі Иранға енгізілген бірқатар санкцияларды алып тастау мүмкіндігін қарастыруда, бұл сайып келгенде мұнай ұсынысын арттырып, бағаларға төмен қысым көрсетуі мүмкін.

Тәуекелдердің тағы бір тобын мөлшерлеменің өсу цикліне неғұрлым жылдам өту аясында АҚШ доллары бағамының қалған әлемдік валюталарға қатысты нығаю мүмкіндігімен байланыстырады, бұл тәуекел активтеріне, оның ішінде мұнайға сұраныстың төмендеуіне алып келуі мүмкін.


Әлемдегі ағымдағы эпидемиологиялық жағдайды және халықаралық ұйымдардың болжамдарын назарға ала отырып, 2021 жылғы екінші тоқсаннан бастап 2022 жылғы төртінші тоқсанға дейінгі кезеңге арналған макроэкономикалық болжамдарды әзірлеу кезінде **Ұлттық Банк экономиканы дамытудың 3 сценарийлі: базалық, пессимистік және оптимистік нұсқаларын қарастырады.**

Базалық сценарий кезінде орта мерзімді кезеңде Brent маркалы мұнайдың бағасы барреліне 60 АҚШ долларын құрайды деп болжанады.

Оптимистік сценарий кезінде орта мерзімді кезеңде Brent маркалы мұнайдың бағасы барреліне шамамен 65 АҚШ долларын құрайды деп болжанады, бұл мұнайға сұраныстың тұрақты өсуіне және мұнай тапшылығының сақталуына байланысты.

Пессимистік сценарий кезінде орта мерзімді кезеңде Brent маркалы мұнайдың бағасы барреліне 50 АҚШ долларын құрайды деп болжануда, бұл әлемдегі эпидемиологиялық жағдайдың күрт нашарлауына, неғұрлым ұзақ вакциналауға, қаржы нарықтарындағы құбылмалылықтың күшеюіне, сондай-ақ мұнай нарығындағы теңгерімсіздікке байланысты болады.

5-график. Мұнайдың әлемдік өндірісі, ж/ж, %



Дереккөзі: EIA

1.2. Базалық сценарий бойынша экономикалық даму серпіні

«2021 жылғы мамыр-маусым» болжамды раундының қорытындылары бойынша Қазақстан экономикасының қысқа мерзімді өсуі бойынша күтулер аздап өсу жағына қарай қайта қаралды. 2021 жылы ІЖӨ 3,6-3,9% өседі деп күтілуде. Экономикалық даму қарқыны бойынша күтулерді арттырудың басты факторлары мұнайдың неғұрлым жоғары сценарийлік бағасы (бір баррель үшін 60 АҚШ доллары) және биылғы жылы бюджет шығыстарын ұлғайту жағына қарай қайта қарау аясында оң фискалдық серпінді кеңейту болды.

2021 жылы ІЖӨ-нің өсуіне тұтынушылық сұраныс айтарлықтай үлес қосады деп күтілуде. Үй шаруашылығын тұтынудың өсу шыңы 2021 жылдың бірінші жартысында болады, 2021 жылдың соңына қарай біртіндеп баяулайды. Тұтынушылық сұраныстың өсуі мемлекеттік сектор салаларындағы нақты жалақының жоғары өсуіне, экономика салаларындағы іскерлік белсенділіктің жандануы және әлеуметтік төлемдерден кірістердің өсуі аясында нақты сектордағы еңбекке ақы төлеудің қалпына келтіру серпініне байланысты халықтың нақты кірістерінің ұлғаюымен қолдау табады. Сондай-ақ, 2021 жылы халық табысының өсуіне республикалық бюджеттің шығыс бөлігінің кеңеюіне байланысты оң фискалдық серпін береді. Үй шаруашылықтарына сұраныстың өсуіне тұтынушылық кредиттердің жедел өсу қарқыны қосымша үлес қосады.

Жалпы жинақтау 2021 жылы оң динамиканы көрсетеді. Қазіргі уақытта өңдеу өнеркәсібінде бірқатар инвестициялық жобалар іске асырылуда және «Қарапайым заттар экономикасы», «Жұмыспен қамтудың жол картасы», ИИДМБ және т.б. бағдарламаларды мемлекеттік қаржыландыру сақталуда. Сонымен қатар, Түркістан қаласында белсенді құрылыс қызметі және ҚПО мен ТШО-ны кеңейтудің ірі жобаларын іске асыру сақталып отыр. Аталған жобаларды іске асыру экономикадағы негізгі капиталға инвестициялардың қалыпты өсуін қолдайтын болады. Жалпы жинақтаудың өсуіне халықтың тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін мемлекеттік ипотекалық бағдарламалармен және БЖЗҚ-дан зейнетақы жинақтарының бір бөлігін алумен қолдайтын тұрғын үй құрылысындағы инвестициялық белсенділікті кеңейту қосымша үлес қосатын болады.

Мемлекеттік тұтынудың өсу қарқыны мемлекеттік басқару органдарындағы еңбекақы мен мемлекеттің ағымдағы шығындарының 2020 жылмен салыстырғанда неғұрлым әлсіз өсу динамикасына байланысты бірқалыпты болады.

Экспорт 2021 жылғы үшінші тоқсаннан бастап өсу аймағына шыға отырып, жылдың бірінші жартысында теріс серпінді сақтайтын болады. Экспортты қалпына келтіру ағымдағы жылдың соңына дейін тәуліктік мұнай өндіру бойынша ОПЕК+ шектеулерін біртіндеп жеңілдетуге, Қытай тарапынан қазақстандық металдарға сыртқы сұраныстың өсуіне, ЕО тарапынан энергия ресурстарына сұраныстың қалпына келуіне, сондай-ақ мұнайдың анағұрлым жоғары сценарийлік бағасына байланысты болады.

Ішкі сұраныстың өсуі аясында импорт ІЖӨ динамикасына тежеуші әсер ете отырып, өсудің оң қарқынын көрсететін болады.

Орта мерзімді перспективаға арналған ІЖӨ-нің өсуі бойынша болжамдар экономикалық белсенділік серпініне оң фискалдық импульстің кейінге қалдырылған әсері жағдайында аздап ұлғаю жағына қарай қайта қаралды.

2022 жылы ІЖӨ өсу қарқыны біршама жеделдейді және **4,0%-4,3%**-ды құрайды. Коронавирусқа қарсы вакциналау жөніндегі одан арғы іс-шаралар аясында эпидемиологиялық жағдайдың жақсаруы экономиканың дамуына оң әсер ететін болады.

Бұдан басқа, ОПЕК+ мәмілесінің шектеулерін одан әрі жеңілдету және мұнай өндіруші елдер келісімінің кейіннен аяқталуы 2021 жылмен салыстырғанда мұнай және газ конденсатын өндіру көлемінің ұлғаюна әкеледі. Бұл экономикалық белсенділік серпініне қосымша жоғары әсер ете отырып, экспорт пен инвестициялардың өсу қарқынын жеделдетуге әсер етеді. 2022 жылы халықтың нақты кірісі мен тұтынушылық кредиттеудің өсуі сақталған жағдайда тұтынушылық сұраныс өсуінің оң траекториясы байқалатын болады. Сонымен бірге, әлеуметтік және бюджет секторына, борышқа қызмет көрсетуге, ресми трансферттерге арналған шығындарды қоспағанда, көбінесе функционалдық құрылым баптарының шығыстары қысқаруы аясында шамалы теріс фискалдық серпін ІЖӨ-нің өсуіне тежеуіш әсер етеді. Алайда, тұрақсыз ағымдағы жағдайды ескере отырып, 2022 жылға арналған бюджеттік көрсеткіштер қайта қаралуы мүмкін, бұл фискалдық саясаттың экономикалық белсенділік серпініне әсер етуіне қатысты белгісіздікті арттырады.


Алдыңғы болжамды раундпен салыстырғанда шығарылым алшақтықтығының траекториясы аздап көтерілу жағына қарай қайта қаралды. Қысқамерзімді кезеңде шығарылымның теріс алшақтығы экономикалық белсенділіктің қалпына келу серпіні аясында белсенді түрде қысқаратын болады. Бұл ретте 2021 жылдың екінші жартысынан бастап шығарылымның алшақтығы аздаған оң аймаққа енеді және болжамды кезеңнің соңына дейін әлеуетті деңгейге жақын сақталады.

Инфляцияның қысқа мерзімді болжамдары арттыру жағына қарай қайта қаралды (6-кесте).

Ұлттық Банктің болжамдарына сәйкес, 2021 жылы инфляция біртіндеп баяулай береді. Соған қарамастан, ЖЖМ бағасының айтарлықтай өсуі, электр энергиясы бағасының өсуі, фискалдық ынталандырудың күшеюі және инфляциялық күтулердің артуы ескеріле отырып, инфляция 2021 жылдың соңына қарай нысаналы диапазоннан 0,4-0,5 п. т. жоғары қалыптасуы мүмкін.

Азық-түлік инфляциясының одан әрі баяулауы күтілуде, бұл көбінесе 2020 жылғы жоғары мәндердің есептерінен шығумен және азық-түлік бағасының айлық өсу қарқыны қалыпты мәндерге оралуымен байланысты болады. Бұл ретте жекелеген тауар нарықтарында сыртқы және ішкі бағалардың айтарлықтай өсу тәуекелі сақталуда.

6-график. Тоқсан ішіндегі орташа инфляция, ж/ж, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

Азық-түлік өнімдері бағасының өсуі баяулауының дезинфляциялық әсері азық-түлік жатпайтын нарықтарда инфляциялық процестердің өсуімен теңестіріледі. 2021 жылдың соңына дейін қысқа мерзімді перспективада ЖЖМ бағасының өсуі және импорттық бағаның өсуі әсерінен ұзақ пайдаланылатын тауарлардың бағасы өсуі аясында азық-түлікке жатпайтын құрамдас бөліктердің одан әрі жеделдеуі болжанады.

Қысқамерзімді келешекте ақылы қызметтерге бағалардың қалыпты өсуі болжанады, бұл реттелетін тұрғын үй-коммуналдық көрсетілетін қызметтер нарығында ағымдағы баға белгілеу сақталуына негізделетін болады. Сонымен қатар, 2021 жылғы 1 сәуірден бастап энергия өндіруші ұйымдардың тарифтері орта есеппен 15%-ға өсуі аясында соңғы тұтынушылар үшін электр энергиясының бағасы өсетіні күтілуде.

Карантин шараларын жеңілдету мен вакциналау науқаны аясында сатып алу белсенділігі қалпына келуі, жоғары инфляциялық күтулер, сондай-ақ тауарлар мен қызметтердің өзіндік құны өсуі арқылы 2021 жылғы наурыз-сәуірде ЖЖМ бағасы өсуінен тікелей және жанама нәтиженің әсері тұтынушылық қоржынның тауарлары мен қызметтеріне қосымша жалпы проинфляциялық қысым көрсетеді.

2022 жылы жылдық инфляцияның болжамдары да баға белгілеу процестеріне фискалдық ынталандырудың кейінге қалдырылған әсері мен сыртқы инфляциялық ая күшеюі нәтижесінде бұдан бұрынғы тоқсандағы бағалаумен салыстырғанда шамалы өсу жағына қайта қаралды (6-кесте). 2022 жыл ішінде инфляция 4-6% нысаналы аралықтың жоғары шегіне жақын бола отырып, 2022 жылы баяулауын жалғастырады.

Қытай мен ЕО инфляция өзінің нысаналы деңгейлеріне жетпеу және Ресейде инфляция нысаналы деңгейлеріне жақын қалыптасуы бойынша күтумен бірге жүретін әлсіз сыртқы инфляциялық қысым аясында инфляциялық серпіннің баяулауы орын алады. Сонымен қатар, сауда-әріптес елдерде баға өзгеруінің дезинфляциялық әсері алдыңғы бағалаулармен салыстырғанда аз байқалады. Әлемдік азық-түлік бағалары соңғы айларда айтарлықтай өскеннен кейін біртіндеп төмендеуі күтілуде (7-график).

7-график. ФАО-ның азық-түлік бағаларының индексі, 2014-16=100, %



Дереккөзі: ФАО, ҚРҰБ болжамы

Алдыңғы болжамды раундпен салыстырғанда ФАО-ның бидай индексі бойынша болжамдары біршама өзгерістерге ұшыраған жоқ (7-график). ЕО-да бидай өндіру 6%-ға (ж/ж) өсуі және Ұлыбританияда, АҚШ пен Украинада астыққа деген жағымды болжамдар бидай өнімдеріне әлемдік азық-түлік баға қалыпты болуына ықпал етеді. Алайда шығарылым алшақтығы ішкі және сыртқы экономикалық белсенділік қалпына келуі аясында шамалы оң аймақта болуы 2022 жылы Қазақстанда баға процестеріне аздаған проинфляциялық әсер етеді.

1.3. Болжамның балама сценарийлері

Әлем экономикасының қалпына келу қарқынымен және 2021-2022 жылдары шикізат тауарларының әлемдік нарықтарындағы сұраныс пен ұсыныстың арақатынасымен байланысты белгісіздіктің болуы себебі бойынша Ұлттық Банк базалық сценарийден басқа мұнай бағасының баламалы сценарийлерін де қарастырды.

Пессимистік сценарий кезінде, 2021-2022 жылдары Brent маркалы мұнайдың орташа жылдық бағасы бір баррелі үшін 50 АҚШ доллары деңгейінде болады деп күтіледі.

Бұл сценарийді іске асырылуы әлемдегі эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауына, COVID-19-дан вакциналаудың жеткіліксіз қарқыны аясында 2021-2022 жылдары әлемдік экономиканың баяу қалпына келуіне және мұнай нарығында теңгерімсіздіктің сақталуына байланысты болады.


Пессимистік сценарий іске асырылған кезде Қазақстанның негізгі әріптес-елдері (ЕО, Қытай, Ресей) тарапынан сыртқы сұраныстың шамалы оң серпіні экспортты қалпына келу траекториясын біршама тежейді. Базалық сценариймен салыстырғанда тау-кен өндіру секторы кәсіпорындарының кірістері неғұрлым әлсіз өсуі өндіріс пен инвестициялардың қысқаруына әкеледі, бұл құрылыс, көлік, сауда және өзге де қызметтер салаларына, одан әрі бүкіл экономикаға теріс әсер етеді. Халықтың нақты ақшалай табысының неғұрлым әлсіз серпіні (іскерлік белсенділіктің аз өсуі және барынша жоғары инфляция болуы салдарынан) тұтынушылық сұраныстың өсуін шамалы шектейтін болады. Осыған байланысты 2021-2022 жылдары Қазақстан экономикасының қалпына келуі базалық сценариймен салыстырғанда анағұрлым ұстамды болады. **2020 жылғы төмен базасы аясында 2021 жылы экономиканың өсуі 3,3%-3,5%, ал 2022 жылы – 3,7%-4,0% болады.**

2021-2022 жылдары ішінде инфляция нысаналы дәлізден жоғары қалыптасатын болады. Базалық сценариймен салыстырғанда инфляцияның неғұрлым жоғары траекториясы теңгенің неғұрлым әлсіз нақты бағамына және инфляциялық күтулердің тиісінше өсуіне байланысты болады.

Оптимистік сценарий іске асырылған жағдайда, мұнай бағасының траекториясы 2021-2022 жылдары орта есеппен бір баррелі үшін 65 АҚШ доллары деңгейінде болады деп болжанады. Бұл баға серпіні эпидемиологиялық шектеулерді алып тастау және әлемдік мұнай нарығында ұсыныстан сұраныстың тиісінше асып түсуі аясында әлемдік экономиканың неғұрлым тез қалпына келуімен қолдау табады. Мұнай бағасының өсуі және сауда әріптес елдері тарапынан неғұрлым күшті сыртқы сұраныс ішкі сұраныс пен таза экспорттың неғұрлым жоғары мәндері аясында базалық сценариймен салыстырғанда Қазақстан экономикасы өсімінің неғұрлым жоғары қарқынына себепші болады. **ІЖӨ-нің өсімі 2021 жылдары 3,8%-4,1% және 2022 жылы 4,2-4,5% болады.**

Оптимистік сценарий іске асырылған кезде инфляция базалық сценариймен салыстырғанда тезірек баяулайды. Бұған теңгенің айырбастау бағамының неғұрлым берік серпіні және негізінен Ресейде инфляция баяулауы аясында сыртқы инфляциялық қысымның төмендеуі

8-график. Сараптамалық тәсілге негізделген тәуекелдер картасы



Дереккөзі: ҚРҰБ есептеулері

ықпал етеді. 2021-2022 жылдары инфляция 4-6% нысаналы дәлізге кіріп, оның шегінде болжамды келешектің соңына дейін қалады.

1.4. Ортамерзімді келешектегі тәуекелдер

Алдыңғы болжамды раундпен салыстырғанда тәуекел-бейіні біршама нашарлады, бұл инфляцияның базалық сценарийден ауытқу тәуекелдері жоғары ықтималдықпен іске асырылуы мүмкін екендігін көрсетеді. Әлемде COVID-19 вакцинациясының тиімсіздігі және/немесе толық қамтылмауы әлем экономикасы қалпына келуінің жылдамдығына теріс әсер етуі және шикізаттың бағасы төмендеуіне әкелуі мүмкін. Ішкі арасында сұраныс пен ұсыныс инфляциясы жағынан тәуекелдер ерекшеленеді. Осы факторлардың әсері Қазақстанда инфляцияның айтарлықтай үдеуіне әкелуі мүмкін (8-график).

Әлемде жаппай вакциналаудың белсенді кезеңі, эпидемиологиялық шектеулерді алып тастау бойынша күтулер және қатысушы-елдердің ОПЕК+ шартын сақтауы мұнай бағасы бір баррелі үшін 60 доллардан жоғары болуына себепші болды. Осыған байланысты 40 доллардан төмен мұнай бағасы құлдырау тәуекелі төмендеу жағына қайта қаралды. Алайда, бұл тәуекел әлемде COVID-19 ауруы бақылаусыз өсуі (ерекше Үндістанда және Оңтүстік-Азия елдерінде), сондай-ақ АҚШ санкцияларды алып тастау аясында Ираннан мұнай ұсынысы ұлғаюы жағдайында жүзеге асырылуы мүмкін.

Қазақстанның сауда-әріптес елдері тарапынан, әсіресе қысқамерзімді кезеңде сыртқы инфляцияны импорттау тәуекелі артты. Әлемдік экономиканың қалпына келуі және мемлекеттік ынталандыру шаралары жағдайында әлемдегі айқын проинфляциялық ая Қазақстанда да баға өсуі жеделдеуіне әсер етуі мүмкін. Мәселен, импорттық тауарларды негізгі жеткізуші ретінде Ресейде инфляцияның едәуір біршама жеделдеуі Қазақстанда да баға өсуіне әкелуі мүмкін. Соған қарамастан, ортамерзімді кезеңде РФОБ ақша-кредит саясатының күтіліп отырған қалпына келуі нәтижесінде Ресейдегі инфляция біршама ықтималдықпен өз мақсатына оралады, бұл ортамерзімді кезеңде осы тәуекелді азайтады. Сонымен қоса, ЕО мен Қытайда инфляциялық қысым артуына қарамастан, ЕО мен Қытайда инфляция нысаналы мәндерден төмен болатыны күтіледі.

Азық-түлік тауарларына әлемдік бағаның өсуіне байланысты жоғары сыртқы азық-түлік инфляция импортының тәуекелі елеулі болып қалуда. Экспорттық жеткізілімдердің шектелуі және сұраныстың артуы көптеген елдердің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге деген ұмтылысы жағдайында астықтың жеткіліксіз көлемімен бірге азық-түлік нарықтарында теңгерімсіздіктердің туындауына себепші болуы мүмкін, бұл да Қазақстанда азық-түлік инфляциясы жеделдеуіне әсер етуі мүмкін.

Дамушы нарықтардан дамыған елдердің пайдасына капиталдың әкетілу тәуекелі де жоғары болып қалуда. Біріншіден, әлемдік COVID-19 ауруының көбінесе дамушы елдерге (Үндістан, Оңтүстік Америка, Оңтүстік-Шығыс Азия) нақты ауысуы дамыған елдермен салыстырғанда денсаулық сақтау жүйесінің аз дамығанын және вакциналаудың жеткіліксіз қарқынын білдіреді. Екіншіден, геосаяси тәуекелдердің күшеюі және дамушы елдерге қарсы жаңа санкциялардың енгізілуі де жоққа шығарылмайды. Үшіншіден, әлемдегі инфляциялық қысымның күшеюі салдарынан дамыған елдердің монетарлық саясаттарының күрт күшеюі қаржы нарықтарында жоғары құбылмалылыққа алып келуі мүмкін. Бұл факторлар дамушы елдердің валюталары, оның ішінде Қазақстанда да әлсіреуіне әкелуі мүмкін.


Ішкі факторлардың ішінде халықтың нақты кірісі өсуі және тұтынушылық кредиттеудің өсу серпіні салдарынан сұраныс жағынан инфляциялық қысым тәуекелі артты. 2021 жылы және 2022 жылы мүмкін бюджет шығыстарын ұлғайту жағына қарай қайта қарау ішкі сұранысты одан әрі күшейтуі мүмкін. Жекелеген азық-түлік нарықтарында, ЖЖМ мен электр энергиясының байқалып отырған бағасы өсуі Қазақстан ішінде және шетелде шектеу шараларын ықтималды күшейту аясында ұсыныс факторлары жағынан инфляция жеделдеу тәуекелі жоғары болып қалуда.

Айырбастау бағамының серпініне қатты тәуелділігі, жоғары азық-түлік инфляциясы сақталуы және ЖЖМ бағасының байқалып отырған жоғары өсуі жағдайында ортамерзімді перспективада инфляциялық күтулердің тұрақсыздығы әзірден іске асырылуда және сақталуда.

II. АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫ




9-график. 2020-2021 жылдардағы базалық мөлшерлеменің дәлізі, %



Дереккөзі: ҚРҰБ

10-график. Ақша массасы, %-бен ж/ж



Дереккөзі: ҚРҰБ

II. АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫ

2.1. Базалық мөлшерлеме бойынша шешімдер

Ұлттық Банк 2021 жылғы наурыздан бастап мамыр аралығында базалық мөлшерлеме бойынша екі шешім қабылдады. Екі шешімде де базалық мөлшерлеме 9%-дық деңгейде сақталды (9-график).

2021 жылғы 9 наурызда қабылданған базалық мөлшерлемені сақтау туралы шешім азық-түлік нарықтарындағы теңгерімсіздіктерге, сыртқы сектордағы жоғары белгісіздікке, сондай-ақ инфляция жеделдеу тәуекелдерінің сақталуына байланысты экономикада басым проинфляциялық қысымның болуына негізделді. Аталған тәуекелдер инфляциялық күтулердің жоғары деңгейімен және экономикалық белсенділіктің біртіндеп қалпына келуі аясында тұтынушылық сұраныс жағынан дезинфляциялық әсерінің әлсіреуі күтілуімен байланысты.

2021 жылғы наурыздың және сәуірдің қорытындысы бойынша нақты жылдық инфляция 7%-ға дейін шамалы баяулауына қарамастан, бірқатар проинфляциялық факторлардың әсері жалғасты. Осы орайда, Ұлттық Банк 2021 жылғы 26 сәуірде базалық мөлшерлемені 9%-дық деңгейде сақтау туралы кезекті шешім қабылдады. Шешім қабылдау кезінде баға өсуінің негізгі тәуекелдері электр энергиясына тарифтердің өсуіне, бензиннің бағасы өсуіне, мемлекеттік бюджеттің өлшемдерін нақтылауға, жалғасып отырған азық-түлік тауарларына сыртқы бағалардың өсуіне, сауда-әріптес елдерде инфляцияның жеделдеуіне және вакцинациямен туындайтын проблемалар аясында әлемде COVID-19-бен жағдайдың нашарлау ықтималдығы өсуіне байланысты болды.

2.2. Ақша ұсынысы

Ақша массасының өсу қарқыны алтын-валюта резервтерінің ұлғаюы және экономиканы кредиттеу аясында жоғары деңгейде сақталуда. Өткен жылғы жоғары база есебінен ақша базасының өсу қарқыны баяулауына қарамастан, ақша мультипликаторы тұрақты деңгейде қалып отыр.

2021 жылғы наурызда өсу қарқыны баяулауына қарамастан, ақша ұсынысының жоғары өсімі сақталуда (10-график). Алтын үлесі мен оның бағасы басымдықпен өсуі, сондай-ақ халықты кредиттеу өсуі

нәтижесінде экономикаға қойылатын талаптардың артуы аясында алтын-валюта резервтерінің өсуі ақша массасының серпініне негізгі оң үлесті қосуды жалғастыруда.

Жылдық көрсеткіш бойынша ақша базасы өткен жылғы жоғары базаның есебінен шығуына байланысты өсу қарқынын бәсеңдетті (елеулі өсім 2020 жылғы наурызда сыртқы активтерді қайта бағалау және «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ капиталдандыру нәтижесінде болды) (11-график).

Ақша мультипликаторы (ақша массасының ақша базасына арақатынасы) 2020 жылғы наурыздан бастап ақша массасының өсу қарқынымен салыстырғанда ақша базасы біршама кеңеюі нәтижесінде төмендеп, 2,6 - 2,7 деңгейінде сақталуда (11-график).

2.3. Ақша нарығы


Ақша нарығындағы жағдай теңге өтімділігі профицитінің әсерінен қалыптасты. Депозиттік аукциондар арқылы өтімділікті алу өскені байқалды.

ҚРҰБ операциялары операциялық таргетті базалық мөлшерлеме дәлізінде ұстап тұруды қамтамасыз етті. Ақша нарығының мөлшерлемелері салық төлемдері кезеңдерінде тиісті өсіммен дәліз ішінде қалыптасты.

Ақша нарығы өтімділіктің профициті жағдайында жұмысын жалғастырды. Артық өтімділік қысқамерзімді ноттар, депозиттер және депозиттік аукциондар арқылы алынады (12-график).


Ноттар төмендеу үрдісі 2021 жылдың басынан бері жалғасты. 2021 жылғы ақпаннан бастап мамырдың соңына қарай ноттар көлемі 13,7%-ға төмендеді. 6 және 12 айлық ноттардың үлесі 26%-дан 22%-ға дейін төмендеді. Бұл ретте шығарылым көлемі шектеулі болған кезде жоғары сұраныс аясында орналастырылатын ноттар бойынша мөлшерлемелер төмендеді. Мөлшерлемелер төмендеуі өтімділік ноттардан депозиттік құралдарға өтуіне ықпал етті. Нәтижесінде депозиттер арқылы өтімділікті алу көлемі едәуір артты. ҚРҰБ операцияларының құрылымында депозиттік аукциондардың үлесі осы жылғы мамырдың ортасында 33%-ға жетті.

11-график. Ақша агрегаттарының өсуі, ж/ж, %




Дереккөзі: ҚРҰБ

12-график. Ұлттық Банктің операциялары бойынша ашық позиция, млрд теңге




Дереккөзі: ҚРҰБ, ҚҚБ

13-график. Пайыздық мөлшерлемелердің және TONIA мөлшерлемелерінің дәлізі, %




Дереккөзі: ҚРҰБ, ҚҚБ

14-график. АҚШ-тың 10 жылдық МБҚ кірістілігі, АҚШ долларының индексі



Дереккөзі: Refinitiv

15-график. ЕМ валюталары индексінің, алтын мен мұнай құнының серпіні (31.12.2019ж.=100), %



Дереккөзі: Refinitiv

Мөлшерлеменің қысқа мерзімді көтерілуі салық төлеу кезеңіндегі өтімділікке сұраныс аясында теңгелік қарыз алуға сұраныстың артуына байланысты болды (13-график). Своттар бойынша мөлшерлемелер теңгелік өтімділікке жоғары сұраныс кезеңінде өсуді көрсетті.

2.4. Валюта нарығы

2021 жылғы наурыз-мамырда теңгенің АҚШ долларына айырбастау бағамы негізінен сыртқы қолайсыз жағдайлардың әсерінен қалыптасты. АҚШ қазынашылық облигациялары кірістілігінің өсуі және биылғы жылғы ақпан-наурызда байқалған көптеген әлемдік валюталарға қатысты АҚШ долларының нығаюы мұнайға баға белгілеудің теңге серпініне оң әсерін теңестірді. Биылғы жылғы сәуір-мамырда АҚШ мемлекеттік облигацияларының кірістілігін түзету және АҚШ долларының қатар әлсіреуі дамушы елдер, оның ішінде Қазақстан валютасының нығаюына ықпал етті.

Әлемдегі ауқымды вакцинация инвесторлардың күтулерін жақсартуға ықпал етті, бұл АҚШ-тың экономиканы 4 трлн АҚШ долларына фискалдық қолдау жоспарларымен де қолдау тапты.

Іскерлік белсенділіктің қалпына келуі және инфляцияның өсуі АҚШ-тағы инфляциялық күтулердің ұлғаюына алып келді, бұл АҚШ-тың 10 жылдық қазынашылық облигациялары кірістілігінің өсуіне және биылғы жылғы наурызда АҚШ долларының күшеюіне алып келіп, дамушы елдердің алтыны мен валюталарының құнына елеулі төмендетуші қысым көрсетті (14-график).

АҚШ-тағы талқыланып отырған салықты өсіру аясында акцияларға баға белгілеу төмендеп, сұраныс біртіндеп қарыз сегментіне ауысты, бұл осы жылғы сәуірдегі Америка мемлекеттік облигациялары кірістілігінің төмендеуіне және доллардың әлсіреуіне әкелді. Нәтижесінде осы жылғы сәуір-мамырда ЕМ валюталарының индексі ішінара қалпына келді (15-график).

Тұрақсыз эпидемиологиялық ахуал жағдайында мұнай бағасы барреліне 61-70 АҚШ доллары ауқымында қалыптасты (15-график).

Теріс тәуекел-сентимент теңгенің айырбастау бағамына қысым көрсетті. Егер биылғы жылғы наурызда МБҚ-ға жаңа инвестициялар көлемінің биылғы жылғы қаңтар мен ақпандағы көрсеткіштермен салыстырғанда (тиісінше 174,2 және 177,8 млрд теңге)

17,8 млрд теңгеге дейін төмендеуі байқалса, биылғы жылғы сәуірде бейрезиденттердің ҚР МБҚ-ға инвестицияларының 248 млн АҚШ долларына нетто-әкетілуі байқалды.

Республикалық бюджетке трансферттер бөлу шеңберінде Ұлттық қорының активтерін конвертациялау квазимемлекеттік сектор компанияларының экспорттық валюта түсімінің бір бөлігін сатуымен қатар биржалық нарықта шетел валютасын ұсынуға ықпал етті.

Сыртқы және ішкі факторлардың әсерінен 2021 жылғы наурыз-сәуірдегі теңгенің айырбастау бағамы бір АҚШ доллары үшін 417,09 теңгеден 429,02 теңгеге дейін 2,9%-ға әлсіреді.

2021 жылғы мамырда АҚШ долларының әлсіреуі мен ҚР-дағы салық төлеу кезеңінің аясында теңге бір АҚШ доллары үшін 0,2%-ға 427,98 теңгеге дейін нығайды (16-график).

Қаралып отырған кезеңде Ұлттық Банк интервенция жүргізген жоқ.

2.5. Қор нарығы


Биылғы жылғы наурыз-сәуірде бастапқы нарықта орналастыру көлемінің төмендеуі есебінен МБҚ сауда-саттық көлемінің төмендеуі байқалды. Тәуекелсіз кірістілік қисығы нарық қатысушылары тарапынан сұраныстың өсуі аясында қалыпқа келуді көрсетті.

Корпоративтік облигациялар кірістілігінің индексі жеңіл ақша-кредит талаптарының сақталуы аясында төмендеуде.

Наурыз-сәуірде ҚР Қаржы министрлігі бастапқы нарыққа 287,4 млрд теңге тартты, бұл биылғы қаңтар-ақпанға қарағанда 2 есе төмен (512,8 млрд теңге). Негізінен кірістілігі жылдық 9,2%-дан 10,6%-ға дейінгі ұзақ мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздар шығарылды. Жергілікті атқарушы органдар биылғы жылы алғаш рет бастапқы нарыққа 31,1 млрд теңге сомасында МБҚ тартты.


Тәуекелсіз кірістілік қисығы бағалы қағаздарды өтеуге дейін мерзімінің ұзартылуына қарай қисық бойымен кірістіліктің өсуін көрсете отырып, биылғы жылғы наурыз-сәуірде қалыпты қалыпқа оралды. Бұл ретте сегментте 2 жылдан астам кірістілік қисығы биылғы жылғы ақпандағы деңгейден жоғары болды. Нарықтық қатысушылары тарапынан олардың айналыстағы

16-график. Теңге бағамының серпіні және сауда-саттық көлемі




Дереккөзі ҚҚБ

17-график. Тәуекелсіз кірістілік қисығының өзгеруі, %




Дереккөзі: KASE

18-график. Корпоративтік облигациялардың кірістілігі, %




Источник: KASE, ҚРҰБ

19-график. Құрамдас бөліктердің депозиттер көлемінің өсуіне қосқан үлесі, %



Дереккөзі: ҚРҰБ

20-график. Депозиттердің долларлануы, %



Дереккөзі: ҚРҰБ

төмендеуі аясында қысқа мерзімді бағалы қағаздарға жоғары сұраныс қысқа мерзімді кезеңде мөлшерлемелердің төмен болуына ықпал етті (17-график).

Корпоративтік облигациялар нарығындағы сауда көлемі биылғы жылғы наурыз-сәуірде 255,8 млрд теңге болды, бұл 2021 жылғы қаңтар-ақпанға қарағанда 35,2%-ға төмен. Квазимемлекеттік сектор орналастыру көлемі бойынша көшбасшы болып қалуда. Эмитенттер арасында орта мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелерді шығару үрдісі сақталып отыр.

Корпоративтік облигациялар кірістілігінің индексі жеңіл ақша-кредит талаптарының сақталуы аясында соңғы жылы төмен деңгейде болуда (18-график).

2.6. Депозит нарығы

Теңгелік депозиттердің айтарлықтай өсуіне байланысты депозиттердің өсуі жалғасуда. Теңгелік депозиттердің мөлшерлемесі бөлшек және корпоративтік сегменттерде де төмендеуде.

Депозиттерді долларландыру (37%) айырбастау бағамының әлсіреуі аясында биылғы жылғы наурыз-сәуірде біршама ұлғайғанына қарамастан, 2020 жылдың соңындағы деңгейден (37,3%) төмен.

Депозиттердің жиынтық көлемі жылдық көрсетуде 22%-ға ұлғайып, биылғы жылғы сәуірде 24,0 трлн теңге болды. Жиынтық үлесі 22,0%-дан 20 п.т. құраған халықтың және бизнестің теңгелік салымдары жиынтық депозиттік портфельдің өсуіне оң және елеулі үлес қосты (19-график). Теңгелік салымдардың өсуі 2021 жылғы ақпаннан бастап байқалады, бұл ағымдағы шоттарға зейнетақы жинақтарының әкелінуіне, сондай-ақ Отбасы банктегі тұрғын үй шоттары бойынша мемлекеттік сыйлықақының есептелуіне байланысты болды.

Биылғы жылғы сәуірде валюталық салымдарды қайта бағалау әсері 2020 жылғы наурызда бағамның әлсіреу базасынан шығуына байланысты толығымен теңестірілді. Алайда, нарықтардағы құбылмалылық аясында биылғы жылғы ақпан-наурызда бизнестің валюталық салымдарының өсуі байқалды.

Долларландырудың жалпы деңгейі 2020 жылғы желтоқсандағы 37,3%-дан 2021 жылғы сәуірдегі 37,0%-ға дейін аздап төмендеп, 2021 жылғы ақпанда 2013

жылғы шілдеден бастап ең төменгі мәнге (36,2%) жетті. Халықтың депозиттерін долларландыру қаңтар-сәуір аралығында 2,8 п.т. төмендеп, 35,5% болды, корпоративтік сектор депозиттерін долларландыру 2,2 п.т. 38,4%-ға дейін өсті (20-график).

Биылғы жылғы ақпан-сәуірде барлық тартылған мерзімді теңгелік салымдардың 85%-ын құрайтын корпоративтік сектордың қысқа мерзімді (1 айға дейінгі мерзімге) теңгелік салымдары бойынша мөлшерлемелер 7,2% деңгейінде, оның ішінде 3 айдан 1 жылға дейінгі мерзіммен корпоративтік салымдар бойынша мөлшерлемелер – 6,9%-7,0% деңгейінде, ұзақ мерзімді салымдар бойынша (1-5 жыл мерзімге) – 8,0%-8,2% деңгейінде тұрақтанды (21-график).

Биылғы жылғы ақпан-сәуір аралығында халықтың теңгемен салымдары бойынша мөлшерлемелер салымдардың барлық түрлері бойынша: қысқа мерзімді (3 айдан 1 жылға дейінгі мерзімдермен) салымдар бойынша - 9,3%-дан 8,9%-ға дейін, ұзақ мерзімді (1 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімдермен) салымдар бойынша – 9,7%-дан 9,5%-ға дейін төмендеуді көрсетті (22-график). Жеке тұлғалардың салымдарын тарту көлемі бойынша ең көп үлесті халықтың барлық мерзімді теңгедегі салымдарының 47%-ы болатын 1 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімдегі салымдары және 45,2%-ы болатын 3 айдан 1 жылға дейінгі мерзімдегі салымдары алады.

2.7. Кредит нарығы

Экономикаға кредиттер, оның ішінде корпоративтік секторда өсе түсуде. Бұл ретте тұтынушылық және ипотекалық қарыздар басты драйвер болып қала беретін бөлшек сауда секторы жиынтық кредиттердің өсуіне негізгі үлес қосуда. Кредиттік ресурстар құнының төмендеуі жалғасуда.


ЕДБ кредиттік портфелі биылғы жылғы ақпан-наурызда бизнеске шетел валютасындағы кредиттердің төмендеуіне және халықтың зейнетақы жинақтары есебінен ипотекалық қарыздар бойынша берешегінің ішінара есептен шығарылуына байланысты баяулауына қарамастан жылдық көрсетуде 15,1 трлн теңгеге дейін 7,5%-ға өсті.

21-график. Заңды тұлғалардың теңгемен депозиттері бойынша мөлшерлемелер, %




Дереккөзі: ҚРҰБ

22-график. Жеке тұлғалардың салымдары бойынша мөлшерлемелер, %




Дереккөзі: ҚРҰБ

23-график. Экономикаға кредиттер, ж/ж, %




Дереккөзі: ҚРҰБ

24-график. Бөлшек сектор кредиттерінің жылдық өсуіне құрамдастардың қосқан үлесі, %



Дереккөзі: ҚРҰБ

25-график. Ұлттық валютамен кредит бойынша мөлшерлемелер, %



Дереккөзі: ҚРҰБ

Биылғы жылғы наурыз-сәуірде **корпоративтік кредиттер портфелі** іскерлік белсенділіктің жаңаруы және экономиканың оң өсу аймағына шығуы аясында 7,2 трлн теңгеге дейін 2,4%-ға өсті. Өнеркәсіп, өндірістік емес сала, ауыл шаруашылығы және сауда сияқты салалар оң үлес қосты.

Жеке тұлғалардың кредиттік портфелі бір жыл ішінде 7,9 трлн теңгеге дейін 18,0%-ға өсті. Ипотекалық кредиттеудің өсуінен басқа, бөлшек кредиттердің өсуіне қосқан үлесін қалпына келтіретін тұтынушылық кредиттеудің ұлғаюы байқалатынын атап өткен жөн (24-график). Бұған халықтың табысы мен сұраныстың өсуі ықпал етеді.

Бизнестің теңгелік кредиттері бойынша орташа алынған мөлшерлеме қысқа мерзімді сегментте биылғы жылғы сәуірде 2020 жылғы сәуірдегі 12,0%-дан 11,2%-ға дейін 0,8 п.т. төмендеді. Бұл ретте ұзақ мерзімді кредиттердің құны 13,3% деңгейінде қалыптасып, өзгерген жоқ (25-график).



III. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР

III. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР

3.1. Сыртқы сектор

Қазіргі уақытта жалпы әлемдік экономикадағы ахуал оң қалыптасып отыр. COVID-19 вирусына қарсы вакцина егу процесі біртіндеп жеделдетілуде. Көптеген елдер вакцина алғандардың санын едәуір арттырды, сондай-ақ бірқатар карантиндік шектеулерді жеңілдетті.


Әлемдік өндірістік сектордағы іскерлік белсенділік барынша жоғары деңгейде қалып отыр, қызмет көрсету саласы да оң нәтиже көрсетуде (26-график). 2021 жылғы сәуірде өнеркәсіптегі жаһандық іскерлік белсенділік өндіріс көлемінің және жаңа тапсырыстардың өсуі аясында 55,8 тармаққа дейін өсті (2021 жылғы наурызда – 55 тармақ). Ел бойынша бөлгенде АҚШ-та іскерлік белсенділік өсуінің жылдамдауы жалғасты. Қытайда өсудің үш айлық баяулауынан кейін іскерлік белсенділік көрсеткіші қайтадан жеделдей бастады. Германия мен Францияда, керісінше, ұзақ оң динамикадан кейін өсу қарқыны баяулай бастады. Қызметтердегі іскерлік белсенділік те артып, 2021 жылғы сәуірде 56,6 тармақты (2021 жылғы наурызда – 54,7 тармақ) құрады.

Сауда әріптестері елдер арасында Қытай өсудің негізгі қозғалтқышы болып табылады.

2021 жылғы бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша өткен жылдың төмен базасы аясында Қытай экономикасының өсу қарқыны 18,3%-ға дейін (ж/ж) (1992 жылдан бергі ең жоғары мәндер) жеделдеді, бұған ішкі және жаһандық сұраныстың кеңеюі, сондай-ақ мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдау ықпал етті. Өз кезегінде, ЕО-да өткен жылдың соңында басталған пандемияның екінші толқыны және соған байланысты шектеу шаралары 2021 жылғы бірінші тоқсандағы экономикалық белсенділікке теріс әсер етті. Пандемияның теріс әсері Ресейдегі экономикалық белсенділікке де әсер етті, оның қысқаруы 2021 жылғы бірінші тоқсанда 1,0% (ж/ж) құрады.

Қазіргі уақытта Brent сұрыпты мұнайдың бағасы барреліне 70 АҚШ долларына жақын (27-график). Түбегейлі бағаларға елдер жүргізіп отырған вакцина егу нәтижесінде мұнайға сұраныстың тез өсуі, сондай-ақ өндіруді шектеу туралы келісімнің қолданылуы

26-график. Іскерлік белсенділіктің жаһандық композиттік индексі



Дереккөзі: Bloomberg

* – индекс мәні 50-ден жоғары болғанда көрсеткіштің өсуін, 50-ден аз - оның төмендеуін, 50-ге тең болса – оның өзгермейтіндігін білдіреді

27-график. Brent сұрыпты мұнай бағасы, АҚШ доллары (бір айда орташа)



Дереккөзі: U.S. Energy Information Administration (EIA)

аясында ОПЕК+ елдері тарапынан мұнайды неғұрлым ұстамды ұсыну қолдау көрсетеді.

Өнеркәсіптегі белсенділіктің жоғары өсуі, әуе сапарларының қайта басталуы, сондай-ақ жазғы маусымның басталуына және бірқатар шектеу шараларының алынуына байланысты автомобиль отынына сұраныстың артуы мұнайдың әлемдік бағасының өсуін қолдайтын қосымша факторлар болды.

1-бокс. Әлемдік азық-түлік нарығына шолу

COVID-19 пандемиясының әлемдік азық-түлік нарығында таралуы аясында 2020 жылдың ортасынан бастап бүкіл тауар тобы бойынша бағаның тұрақты өсуі байқалады. 2020 жылы азық-түліктің қымбаттауы көбінесе вирустың таралуын болдырмау бойынша енгізілген шектеу шараларына байланысты ұсыныстың төмендеуімен негізделді. Сонымен бірге, қалпына келуі тұрақты сипатқа ие болып отырған тауарларға тез өсіп келе жатқан сұраныс 2021 жылы негізгі өсу драйверлерінің бірі болып табылады. Сонымен қатар, жеткізу тізбегіндегі кідірістерден, пайдаланылатын шикізаттың қымбаттауынан және қорлардың тапшылығынан туындаған шектеулі ұсыныс нәтижесінде азық-түлік тауарларының әлемдік нарығындағы теңгерімсіздік байқалады.

2020 жылғы наурызбен салыстырғанда 2021 жылғы наурызда туындаған теңгерімсіздік жағдайында майлы дақылдар 52,6%-ға, жүгері – 50,9%-ға, бидай – 19,5%-ға қымбаттады (1-график).

График 1. Майлы дақылдарға әлемдік бағаның өсу қарқыны, ж/ж



График 2. Әлемдік астық бағасының өсу қарқыны, ж/ж



3-график. Қантқа әлемдік бағалардың өсу қарқыны, ж/ж



График 4. Еттің әлемдік бағасының өсу қарқыны, ж/ж



Дереккөзі: World Bank

Майлы дақылдар құрылымында соя майы (2021 жылғы бірінші тоқсанда 40,0%-ға өсу, ж/ж), пальма майы (39,8%-ға өсу) және рапс майы (26,6%-ға өсу) бағасының неғұрлым жылдам өсуі байқалды (1-график). Аталған өнімдердің түбегейлі қымбаттауы төмен өнім мен ереуілдер себептері бойынша

әлемдік ұсыныстың қысқаруымен, сондай-ақ мұнайдың әлемдік бағасының өсуі аясында биоотын өндірісі көлемінің ұлғаюы нәтижесінде сұраныстың қарқынды өсуімен түсіндіріледі.

Дәнді дақылдар арасында жүгері бағасының өсуі (2021 жылғы бірінші тоқсанда 44,1%-ға, ж/ж) Қытай мен Латын Америкасы тарапынан азық-түлік мақсаттары үшін белсенді әлемдік сатып алулармен, сондай-ақ Украина мен АҚШ-та күтілетін түсімнің төмендеуімен туындады (2-график). Өз кезегінде бидайға әлемдік бағаның өсуіне (15,5%-ға өсу) Украина, Аргентина және АҚШ-тағы ұсыныстың қысқаруы, сондай-ақ Оңтүстік Америкадағы құрғақ ауа-райына байланысты алаңдаушылықтың өсуі ықпал етті. Сондай-ақ, кейбір өндіруші елдерде енгізілген экспорттық баждар мен экспорттық лицензиялардың тоқтатылуы бағаларға жоғары қысым көрсетті.

Маймен және дәнді дақылдармен қатар, қанттың да әлемдік бағасының өсуі байқалды (2021 жылғы бірінші тоқсанда өсу 15,2%, ж/ж) (3-график). Өсудің негізгі себепшілері арасында импорттаушылар тарапынан Бразилия мен Франция тарапынан ұсыныстың қысқаруынан, сондай-ақ Бразилия реалының АҚШ долларына қатысты біршама нығайуынан туындаған белсенді сұраныс болды. Сонымен бірге, бағаның тез өсуіне Үндістаннан жеткізілімдердің болжамды өсуі және мұнайдың әлемдік бағасының қалыпты өсуі кедергі келтірді.


Әлемдік ет нарығында бағаның төмендеуі байқалады. Мәселен, 2021 жылғы бірінші тоқсанда сиыр етіне әлемдік баға 2,8%-ға, тауыққа – 3,9%-ға төмендеді (3-график).

2020 жылы нарықта етке ұсыныстың көп болуы және коронавирустық пандемиядан туындаған шектеулерге байланысты ет өнімдері бағасының төмендеуі байқалды, бұл импорттық сұраныстың төмендеуіне, экономикалық құлдырауға және кейбір елдердің үй өндірісіне қайта бағдарлануына әкелді. Бұл ретте, 2020 жылдың аяғынан бастап бағалар біртіндеп қалпына келе бастады, бұл Азия тарапынан сиыр еті мен қой етіне деген белсенді сұраныстан және жөндеуге байланысты табын жеткізілімдерінің төмендеуінен және өндірушілер қорларының аздығынан туындады.

Коронавирустық пандемия кезінде көптеген экспорттаушы елдер ішкі нарықтарды қорғау үшін белсенді протекционистік саясат жүргізе бастады. Дүниежүзілік Банктің бағалауы бойынша, осы саясатты жүргізуді жалғастырған жағдайда азық-түлік жеткізу 50%-ға дейін қысқаруы мүмкін, бұл нәтижесінде бағаны орта есеппен қосымша 15-20%-ға арттыруы мүмкін. Экспорттаушы елдерде ауа-райы жағдайы нашарлаған, өндіруші елдерде егістік қысқарған және жануарлар ауруларының өршуі жағдайында да азық-түлік бағасы өсуі мүмкін.


Әлемдік азық-түлік тауарларына бағаның одан әрі өсуі жағдайында Қазақстан ішіндегі тұтыну бағаларына проинфляциялық қысым күшеюі мүмкін екенін айта кету керек.

28-график. Үй шаруашылықтарының номиналды тұтыну шығыстарының құрылымы




Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

29-график. Тұтыну шығыстарында тамақ өнімдерін сатып алуға арналған үй шаруашылықтары шығыстарының үлесі, %-бен



Дереккөзі: Fusion LAB

30-график. Бөлшек тауар айналымының серпіні, ж/ж



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

3.2 Экономикалық белсенділік және ішкі сұраныс

2020 жылғы үшінші тоқсанда кейінге қалдырылған сұраныстың іске асырылуына байланысты үй шаруашылықтарын тұтыну күрт қалпына келгенін көрсетті. Алайда, 2020 жылғы төртінші тоқсанда тұтыну тұрақсыз серпін көрсете отырып, құлдырау аймағына өтті. Бұл ретте, 2021 жылғы бірінші тоқсанда тұтынушылық сұраныстың жанама көрсеткіштері халықтың тұтынушылық белсенділігінің тұрақты қалпына келуін көрсетеді.

2020 жылғы төртінші тоқсандағы біршама өзгерістен кейін қатаң шектеулер кезеңінде Қазақстанға тән тұтыну құрылымының қалпына келгені байқалды. Осылайша, 2020 жылғы төртінші тоқсанда үй шаруашылықтарының жиынтық тұтыну шығыстарындағы ақылы қызметтер мен азық-түлікке жатпайтын тауарларға арналған номиналды шығыстарының үлесі өсті (28-график). Бұл үрдіс дағдарыс кезеңінде тұтыну шығындарының көп бөлігін тамақ өнімдеріне бағыттаған үй шаруашылықтары санының азаюынан да байқалады (29-график).

Тұтыну шығыстарының құрылымын қалпына келтіру азық-түлікке жатпайтын тауарлар айналымының біршама жеделдеуімен қатар жүреді. Жылдық мәнде азық-түлікке жатпайтын тауарлардың тауар айналымы 2021 жылғы сәуірде 53,7%-ға ұлғайды (30-график). Мұндай серпін сәуірде 17%-ға өскен тұтынушылық кредиттердің жоғары өсу қарқынымен және азық-түлікке жатпайтын импорттың жедел қарқынымен (номиналды мәнде 36,7%-ға өсу) қолдау тапты.

Бұл ретте, тамақ өнімдерінің тауар айналымы айтарлықтай құлдырауды көрсетеді, бұл ақылы қызметтер мен азық-түлікке жатпайтын тауарларға сұраныстың қалпына келуімен, сондай-ақ пандемия басталған және елде төтенше жағдай енгізілген кезеңде тамақ өнімдеріне дүрлікпе сұраныстан туындаған өткен жылғы Жоғары базаның әсерімен байланысты болуы мүмкін. Өз кезегінде, тамақ өнімдері өндірісі қалыпты қарқынмен өсуде. Мәселен, 2021 жылғы бірінші тоқсанда өндірістің өсуі жылдық мәнде 3,3%-ды құрады.

2021 жылғы бірінші тоқсанда халықтың жан басына шаққандағы нақты табысы 3,4%-ға өсті. Құрылымда жалдамалы жұмыстардан, сондай-ақ әлеуметтік трансферттерден кірістің өсуі байқалады (31-график).

2021 жылғы бірінші тоқсанда жалдамалы қызметкерлердің нақты жалақысы 7,4%-ға дейін өсті.

Бұл тенденция мемлекеттік сектордағы жалақының екі таңбалы нақты өсуімен және өмір сүру және тамақтану қызметтерімен, өнеркәсіпте жеделдетумен, сондай-ақ экономиканың көптеген секторларында жалақының қалыпты өсуімен байланысты.

2021 жылдың басында халықтың зейнетақыларын жыл сайынғы индекстеу жүргізілді, мұны зейнетақыдағы республикалық бюджет шығыстарының серпінінен байқауға болады. Басқа да әлеуметтік трансферттерге, оның ішінде стипендияларға, атаулы әлеуметтік көмекке және басқа да әлеуметтік төлемдерге бюджет шығыстары қосымша қалыпты қарқынмен өсуде. Мәселен, 2021 жылғы қаңтар-наурызда атаулы әлеуметтік көмек алушылар саны 2 есеге дерлік ұлғайды (354,2 мың адамнан 683,4 мың адамға дейін), бұл ретте АӘК орташа мөлшері аздап төмендеді, 2021 жылғы бірінші тоқсанда бір алушыға орташа есеппен 11 мың теңге болды.

Қатаң локдаун кезеңдерінен кейін халықтың әл-ауқатының біртіндеп жақсаруын халықтың кедейшілік деңгейінің төмендеуінен байқауға болады (32-график). Екінші және үшінші тоқсандарда уақытша жұмыссыздардың өсуіне және табыстарының жоғалуына байланысты табыстары ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен үй шаруашылықтарының өсуі байқалды (Қазақстан бойынша 2020 жылғы төртінші тоқсанда орташа есеппен жан басына шаққанда айына 34 мың теңгені құрады). Шектеулерді біртіндеп алып тастау және жұмыссыздықтың төмендеуі экономикадағы кедейлік деңгейінің төмендеуіне әкелді.


2020 жылғы төртінші тоқсанда өңірлік бөліністе Түркістан облысында кедейлік шегінен төмен үй шаруашылықтарының 10%-дан астамы тұрды, қалған өңірлерде кедейлік деңгейі 6%-дан аспайды.

31-график. Халық кірісінің, жалақының және трансферттерге арналған бюджет шығыстарының серпіні




Дереккөзі: ҚРҰБ

32-график. Халықтың кедейлік деңгейі, %




Дереккөзі: СЖА ҰСБ

33-график. Инвестициялық белсенділік көрсеткіштері, ж/ж, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

34-график. СЭҚ бойынша инвестициялар, ж/ж, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

35-график. Тұрғын үй құрылысына инвестициялар және жылжымайтын мүлік нарығындағы бағалар, ж/ж, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

2021 жылғы бірінші тоқсанда экономикадағы инвестициялық белсенділік нашарлады, бұл тау-кен өнеркәсібіндегі құлдыраудың тереңдеуіне байланысты (42,1%-ға төмендеуі, ж/ж).

Технологиялық құрылым бойынша құрылыс және күрделі жөндеу жұмыстары бойынша ғана өсу байқалды. Машиналар мен жабдықтарға инвестициялар және инвестициялар құрылымындағы өзге де шығыстар біршама теріс үлес қосты (33-график).

Сонымен қатар, тау-кен өндіру өнеркәсібін есепке алмағанда, Қазақстан экономикасында инвестициялық белсенділік оң аймақта қалды. Мәселен, 2021 жылғы бірінші тоқсанда тау-кен өндіру өнеркәсібін есепке алмағанда нақты мәнде өсу 4,4%-ды (ж/ж) құрады. Инвестициялардың айтарлықтай жеделдеуі химия өнеркәсібінде (2,3 есе), металлургия саласында (54,1%-ға), байланыста (62,7%-ға), ауыл шаруашылығында (54,8%-ға) байқалды (34-график).

Тұрғын үй құрылысына инвестициялар ипотекалық кредиттеудің іске асырылып жатқан мемлекеттік бағдарламалары және тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында халықтың зейнетақы жинақтарының бір бөлігін мерзімінен бұрын алуы қолдайтын жоғары өсу қарқынын (35-график) сақтап отыр. Бұл шаралар бір жағынан тұрғын үй құрылысын жеделдетуге әкеледі, екінші жағынан, жылжымайтын мүліктің бастапқы және қайталама нарығындағы бағаларға жоғары қысым жасайды (35-график).

Павлодар (30%-ға, ж/ж), Жамбыл (21%-ға), Қостанай (15%-ға) және Солтүстік Қазақстан (22%-ға) облыстарын қоспағанда, тұрғын үй құрылысына инвестициялар елдің көптеген өңірлерінде өсті.

Коронавирустық инфекцияның таралуына және елдердің вакцинациясының әртүрлі деңгейіне байланысты бүкіл әлемде белгісіздіктің сақталуы сыртқы сауда қызметіне әсер етті.

СЖРА ҰСБ-ның алдын ала деректері бойынша 2021 жылғы қаңтар-наурызда сыртқы сауда айналымы 19,7 млрд АҚШ долларын құрады және 2020 жылғы қаңтар-наурызбен салыстырғанда 9,4%-ға азайды, оның ішінде экспорт 19,7%-ға (11,5 млрд АҚШ доллары) төмендеді, импорт 10,5%-ға (8,2 млрд АҚШ доллары) ұлғайды.

Жалпы экспортты төмендетуге мұнай экспорты негізгі үлес қосты, ол 36,7%-ға (ж/ж) төмендеді (36-график). Елдер бөлінісінде мұнайдың құндық экспортының

Үндістанға – 49,9%-ға (ж/ж), Италияға – 50,6%-ға, Қытайға – 66,9%-ға, Корея Республикасына – 59%-ға төмендеуі байқалады (37-график). 2021 жылғы бірінші тоқсанда мұнай өндірудің 10,4%-ға (ж/ж) қысқаруы жағдайында мұнай экспорты заттай мәнде 11,4%-ға (ж/ж) төмендеді, атап айтқанда Үндістанға – 32,3%-ға, Италияға – 29,9%-ға, Қытайға – 57,7%-ға, Корея Республикасына – 44,7%-ға төмендеді. Сонымен қатар, 2021 жылғы бірінші тоқсанда Испанияға мұнай экспортының 2,6 есе күрт өсуі (мұнай экспортының жалпы көлеміндегі заттай мәндегі үлесі – 8,2%) байқалады.


Түсті металдар экспортының құрылымында құндық мәнде 2021 жылғы қаңтар-наурызда мыс экспортының 19,2%-ға (ж/ж), алюминий – 37%-ға, қорғасын – 26,3%-ға, күміс – 55,3%-ға ұлғаюы байқалады, ал мырыш экспорты 18,6%-ға қысқарды. Бұл ретте нақты мәнде Қытайға жеткізілімдердің тиісінше 24,3%-ға және 27,6%-ға төмендеуіне байланысты мыс экспорты 11,7%-ға (ж/ж) және мырыш – 30,1%-ға азайды. Сонымен қатар, қорғасын экспорты 11,3%-ға, оның ішінде Вьетнамға – 43,2%-ға төмендеді. Сонымен қатар, алюминий экспортының 26,5%-ға (ж/ж), атап айтқанда Түркияға – 49,3%-ға артқаны байқалады.

Қара металдар мен олардан жасалған бұйымдар тобында жалпақ илем экспортының нақты көлемі Ресейге жеткізілімдердің 40,2%-ға өсуіне байланысты 31,4%-ға (ж/ж) ұлғайды. Бұл ретте, құндық мәнде қара металдар экспортының өсуі 84,8%-ды (ж/ж) құрады.

2021 жылғы бірінші тоқсанда импорттың өсуі Қытайдан – 47,4%-ға (ж/ж) және ЕАЭО елдерінен – 11,8%-ға, оның ішінде Ресейден – 12%-ға импорттың күрт ұлғаюына байланысты болды. Сонымен қатар, ЕО елдерінен тауарлар импорты 2021 жылғы қаңтар-наурызда 10,1%-ға (ж/ж) қысқарды.


Азық-түлікке жатпайтын тауарлар тобында жеңіл автомобильдер (83%, ж/ж), мониторлар мен проекторлар (34,8%), дәрі-дәрмектер (4,5%), гигиеналық және косметикалық құралдар (14,5%), киім (2 есе), есептеу машиналары (57%), телефон аппараттары (14%) және үйге арналған жиһаз (25,4%) импортының нақты көлемі артты.

36-график. Жинақталған қорытындысы бар тауарлардың негізгі топтары бойынша экспорт, ж/ж, %



Дереккөзі: ҚРҰБ

37-график. 2021 жылғы қаңтар-наурыздағы елдер бөлінісіндегі мұнай экспорты, ж/ж, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

38-график. Жұмыссыздық деңгейі және уақытша жұмыспен қамтылмаған халық




Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

39-график. Халықты жұмыспен қамту органдарына жұмыс іздеп жүрген адам ретінде жүгінгендер, мың адам



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

40-график. 2021 жылғы бірінші тоқсанда СЭҚ бойынша жалдамалы жұмыскерлер мен өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың жұмыспен қамтылуына қосқан үлесі, ж/ж, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

Азық-түлік тауарларының құрылымында ет (-17,8%, ж/ж), сүт (-27,6%), өсімдік майлары мен тоң майлар (-21,2%), құрақ және қызылша қанты (-11,4%) және темекі шикізаты (-27,1%) импортының заттай мәндегі төмендеуі байқалады.

Сонымен қатар, әуе және вакуумдық сорғылар импортының нақты көлемінің жылдық мәнде 2 есеге, электр трансформаторларының – 52,6%-ға, жүк тасымалдауға арналған моторлы көлік құралдарының – 34,8%-ға және бульдозерлердің – 3,1 есеге өсуі байқалады.

3.3 Еңбек нарығы

2021 жылғы бірінші тоқсанда еңбек нарығындағы жағдай 2020 жылдың ортасымен салыстырғанда тұрақты болып қалды. Эпидемиологиялық ахуал нашарлаған жағдайда 2021 жылғы наурыз-сәуірде еліміздің кейбір өңірлерінде карантиндік шаралардың қатаңдатылуына қарамастан, жұмыссыздық 4,9% деңгейінде сақталды.

Жұмыссыздықтың серпіні жұмыс күшінің аздап төмендеуі (0,04%-ға төмендеу) және жұмыссыздар санының өсуі (2%-ға өсу) жағдайында қалыптасты. Уақытша жұмыссыз халықтың саны дағдарысқа дейінгі деңгейде сақталды (38-график).

Халықтың жұмыспен қамту органдарына жүгінулерінің саны ағымдағы жылғы бірінші тоқсанда еліміздің ірі қалалары мен кейбір өңірлерінде шектеу шараларының өсуіне байланысты қайтадан өсті (39-график). 2021 жылғы сәуірде өтініштер саны 2020 жылғы екінші және үшінші тоқсандардағы экономикалық белсенділіктің айтарлықтай төмендеу кезеңіне жақындады.

Жұмыс күшінің құрылымында жалдамалы жұмыскерлердің 0,66%-ға қысқаруы нәтижесінде 2021 жылғы бірінші тоқсанда жұмыспен қамтылған халықтың 0,15%-ға төмендеуі байқалды, бұл ретте өз бетінше жұмыспен қамтылған халық 1,5%-ға өсті.

Салалық бөліністе экономика секторларының басым бөлігінде Жұмыспен қамтудың төмендеуі байқалды. Өнер мен ойын-сауық және өмір сүру және тамақтану қызметтерінде жұмыспен қамтудың төмендеуі жалдамалы жұмысшылардың да, өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың да азаюымен қатар жүрді (40-график).


2021 жылғы бірінші тоқсанда жалдамалы жұмысшылар саны экономиканың көптеген салаларында қысқарды, бұл тұтастай алғанда қаржылық сақтандыру қызметі, өңдеу өнеркәсібі, кәсіби ғылыми-техникалық қызмет, көлік, мемлекеттік басқару және құрылыс салаларында жұмыспен қамтудың төмендеуіне әкелді. Жұмыспен қамтудың өсуі денсаулық сақтау, білім беру, ауыл шаруашылығы, сауда, тау-кен және ақпарат, байланыс салаларында байқалды. Бұл ретте, ақпарат және байланыс және өзге де қызмет түрлерін ұсыну секторларында жұмыспен қамтудың өсуі өз бетінше жұмыспен қамтылған халықтың жедел өсу қарқынымен қамтамасыз етілді. Бұл салалардағы жалдамалы жұмысшылар азайды, бұл жалдамалы қызметкерлер санатынан өзін-өзі жұмыспен қамтығандар санатына ауысу мүмкіндігін көрсететі мүмкін.

Жұмыспен қамтумен салыстырғанда экономикадағы қосылған құнның тез төмендеуі жағдайында еңбек өнімділігі 2021 жылғы бірінші тоқсанда теріс серпін көрсетті. Көлік пен тұтыну және тамақтану қызметтерінде өнімділіктің төмендеуі ЖҚҚ-ның да, жұмыспен қамтудың да төмендеуінің салдары болды (1-топ, 41-график).

Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар, тау-кен өндіру саласы, әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету және сауда бойынша қызмет салаларында бір мезгілде ЖҚҚ қысқаруы және салалардағы жұмыспен қамтудың өсуі өнімділікке теріс үлес қосты (2-топ, 41-график). Үшінші және төртінші топтарда (41-график) 2021 жылғы бірінші тоқсанда еңбек өнімділігінің өсуі байқалды. Үшінші топтың салаларында еңбек өнімділігін арттыру қосылған құнның өсуімен қамтамасыз етілді, бұл ретте Жұмыспен қамтудың өсуі жұмыспен қамтылған бір адамға шаққанда өнімділіктің одан да көп ұлғаюын тежеді. Төртінші топтың салаларында өсу қосылған құнның өсуімен ғана емес, жұмыспен қамтудың төмендеуімен де қолдау тапты, бұл жұмыспен қамтылған бір адамға шаққандағы өнім шығарудың артуына әкелді.

2021 жылғы бірінші тоқсанда экономикадағы нақты жалақының жедел өсу қарқыны, еңбек өнімділігінің теріс серпіні сақталып отырған кезде өндірушілер тарапынан проинфляциялық тәуекелдер туғызды. Атап айтқанда, нақты жалақының өсу қарқыны ауыл шаруашылығындағы, көліктегі, тау-кен өнеркәсібіндегі, өмір сүру және тамақтану бойынша көрсетілетін қызметтердегі, көліктегі, саудадағы, білім берудегі,


41-график.СЭҚ бойынша еңбек өнімділігі және ЖҚҚ-ның және жұмыспен қамтудың үлесі, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

*- Жұмыспен қамтудың теріс үлесі оның өсуін біндіреді

42-график.2021 жылғы бірінші тоқсандағы еңбек өнімділігі және нақты жалақы, ж/ж, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

денсаулық сақтаудағы және электрмен жабдықтаудағы еңбек өнімділігінің қарқынынан біршама асып түсті (42-график).

2-бокс. Үлкен деректердің негізінде еңбекке деген сұранысты талдау

СЖРА ҰСБ еңбек нарығы бойынша ресми статистика едәуір уақытша кешіктіріле отырып жарияланады. Осылайша, еңбек нарығының индикаторларын талдау үшін, ресми деректерден басқа, экономистер мен талдаушылар арасында ашық дерек көздерінен балама ақпаратты пайдалану барынша танымал болды, бұл үлкен деректерді өңдеу технологиясының дамуы арқылы қолжетімді болды.

Веб-скрепинг интернет-ресурстардағы деректерді өңдеу әдістерінің бірі болып табылады, ол HH.kz ірі жұмыс іздеу сервисінен бос жұмыс орындарын қарау арқылы Қазақстанның еңбек нарығындағы сұранысты талдау үшін қолданылған. 2021 жылғы 26 мамырдағы жағдай бойынша 15,0 мың бос жұмыс орны жөнінде деректер жиналды. Сайтта ұсынылған қалалар олардың аймақтық бөлінуіне сәйкес біріктірілді. Сайттағы бос жұмыс орындары кәсіби саланың (мамандандыру) 28 бағыты мен 28 саласы бойынша бөлінген және Қазақстанның өңірлері бойынша берілген. Жұмыс өтілі: «Тәжірибесі жоқ», «1 жылдан 3 жылға дейін», «3 жылдан 6 жылға дейін» және «6 жылдан астам» деген санаттарға бөлінген.

Бастапқы өңдеу кезінде деректер былай іріктелді: тек бір мамандандыққа бейімделген және бір салада берілген бос жұмыс орындары, тек толық жұмыс күні және толық жұмыс түрі бар бос жұмыс орындары (негізгі жұмыс) қалды. Нәтижесінде талдауға деректер көзінің ерекшелігіне байланысты бюджет қызметкерлері мен мемлекеттік басқару және қорғаныс органдарының қызметкерлері қамтылмайтын 9037 бос жұмыс орны қатысты. Салыстыру үшін, СЖРА ҰСБ мәліметтеріне сәйкес, 2021 жылғы бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша есепті кезеңде экономиканың барлық салаларындағы қызметкерлерді қоса алғанда, жұмысшыларға деген болжамды қажеттілік 12,1 мың адамға тең болды.

Платформадағы бос жұмыс орындарының басым бөлігі «Сату», «Бухгалтерия», «Көлік және логистика» мамандықтары бойынша ұсынылған (1-график); сала бойынша бөлгенде – сауда, құрылыс, сондай-ақ тұру және тамақтану бойынша көрсетілетін қызметтер ұсынылған. Мұндай көріністі ресми статистика да көрсетеді, оған сәйкес осы салаларда экономикада жұмыспен қамтылғандардың 26%-ы шоғырланған (2021 жылғы бірінші тоқсандағы деректер бойынша). Платформадағы әрбір төртінші бос жұмыс орнының сату саласында ұсынылғаны жөнінде айта кеткен жөн.

Жұмыс тәжірибесі бойынша бөлгенде 1 жылдан 3 жылға дейінгі жұмыс өтілі бар қызметкерлер үлкен сұранысқа ие. «Юриспруденция», «шикізат өндіру» және «жоғары менеджмент», ал салалар бойынша «қаржы және сақтандыру қызметі», «тау-кен өндіру саласы» және «құрылыс» салалары бойынша жұмыс өтілі неғұрлым жоғары (6 жыл және одан жоғары) мамандар талап етіледі.

Қызылорда және Солтүстік Қазақстан облыстары салалар бойынша неғұрлым аз сараланған өңірлер болып табылады, ол жақта бос жұмыс орындары бөлшек сауда, азық-түлікке жатпайтын/азық-түлік өнімдерін өндіру мен сату және құрылыс салаларында ғана ұсынылады. Керісінше, бос жұмыс орындары біркелкі бөлінген өңірлерге республикалық маңызы бар қалалардан басқа Қарағанды, Ақтөбе және Ақмола облыстары жатады.

HH.kz сайтында жұмыс берушілер ұсынатын орташа жалақы HH.kz, 179,0 мың теңгеге тең, медианалық және модальдық жалақы тең болады және 150,0 мың теңгені құрайды. Бұл ретте, СЖРА ҰСБ деректері бойынша 2021 жылғы бірінші тоқсанда шағын кәсіпорындарды есепке алғанда, бір қызметкерге орташа айлық жалақы мөлшері 200,3 мың теңге болды. 2020 жылы ұйымдарды біржолғы тексеру


1-график. Мамандандыру бойынша бос жұмыс орындарын бөлу



Дереккөзі: ҚРҰБ есептеулері, hh.kz

негізінде СЖРА ҰСБ есеп айырысу жүргізген жалдамалы қызметкерлердің модальдық және медианалық жалақысы платформаның деректерінен аздап ерекшеленеді және тиісінше 169,8 және 142,3 мың теңге болады. Сайтта ұсынылатын ең төменгі жалақы Қазақстандағы ең төменгі жалақыдан асады және 50,0 мың теңгені құрайды (2021 жылғы ең төменгі жалақы – 42500 теңге).

2-график. Жалақы және жұмыс өтілі бойынша бос жұмыс орындарын бөлу




Дереккөзі: ҚРҰБ есептері, hh.kz

Жұмыс тәжірибесінің жылдар саны мен еңбекақы мөлшері арасында жақсы байланыс байқалады (2-график). 6 жылдан асатын тәжірибені талап ететін бос жұмыс орындары үшін ұсынылатын орташа жалақы 294,3 мың теңге, 3 жылдан 6 жылға дейін – 223,0 мың теңге, 1 жылдан 3 жылға дейін – 168,6 мың теңге, жұмыс тәжірибесі жоқ қызметкерлерге ұсынылатын орташа жалақы – 143,9 мың теңге болады.

«Құрылыс, жылжымайтын мүлік, пайдалану, жобалау» және «Ақпараттық технологиялар» мамандықтары жұмыс тәжірибесі бойынша талаптар салыстырмалы түрде төмен болған кезде анағұрлым жоғары жалақы мөлшерін ұсынатынын айта кеткен жөн.

Осылайша, еңбек нарығындағы жағдайды талдау үшін үлкен деректерді өңдеу құралдарын қолдану еңбек нарығындағы ағымдағы жағдайды, сұраныс пен ұсынысты жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл ретте осындай деректерді кезең-кезеңімен жинау нарықтағы өзгерістер мен үрдістерді қадағалауға, Қазақстандағы жұмыссыздық факторларын талдауға, сондай-ақ оның серпінін болжауға мүмкіндік береді.


43-график. Инфляция серпіні, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері


* Маусымдық түзету 2011 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін X-12-ARIMA әдісі арқылы жүргізілді

44-график. Азық-түлік инфляциясының серпіні, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

45-график. Азық-түлік инфляциясына тауарлар үлесі, ж/ж, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

3.4 Инфляция

2021 жылғы мамырда жылдық инфляция 4-6% нысаналы деңгейден жоғары күйінде қала бере отырып, 7,2%-ға дейін жеделдеді (43-график). Азық-түлікке жатпайтын тауарлар (6,7% ж/ж) мен ақылы қызметтер (5,1% ж/ж) бағасының айтарлықтай өсуі азық-түлік нарығындағы дезинфляциялық процестермен ішінара реттелді, онда 2020 жылғы жоғары база аясында жылдық инфляцияның 9,3%-ға дейін бәсеңдегені байқалады.

Азық-түлік тауарлары бағасының жылдық өсуі 2021 жылғы ақпанда 11,6%-ға дейін жылдамдағаннан кейін бәсеңдей бастады және мамырдың қорытындысы бойынша 9,3% болды (44-график). Азық-түлік инфляциясының қазіргі бәсеңдеуі 2020 жылғы айлық инфляцияның жоғары мәндері есебінен шығуға байланысты, бұл кезде коронавирустық инфекциямен күресу салдарынан туындаған жеткізілімдер тізбегінің бұзылуы және жекелеген тауарларға сұраныстың артуы аясында азық-түліктің жекелеген түрлеріне бағаның айтарлықтай өсуі байқалды.

Сонымен қатар, өсімдік майы бағасының жылдық өсуі жеделдей берді және 2021 жылғы сәуірде 50,5%-ды құрады. Май бағасының ұзақ уақыт бойы өсуі өнімнің нашар болуы нәтижесінде (2020-2021 жылдардағы маусымда) әлемдік нарықтағы ұсыныстың қысқаруынан туындаған жалпы әлемдік үрдіс болып табылады. Мысалы, 2021 жылғы сәуірде ФАО өсімдік майлары бағасының индексі 162 тармақты құрады, бұл 2020 жылғы сәуірдегі мәндерден (99,5%-ға өсу) екі есеге дерлік жоғары және 2011 жылғы маусымнан бастап ең жоғары мән болып табылады. Осыған байланысты өсімдік майларының импорттық жеткізілімдерінің бағасы 2020 жылғы наурызда жылдық мән бойынша 64,6%-ға өсті. Шикізаттың қымбаттауы 2021 жылғы сәуірде ішкі өндірушілер бағасының 57,7%-ға жылдық өсуіне себеп болды (45, 46-график).

Сонымен қатар, ішкі нарықта өсімдік майлары өндірісінің өскені байқалады. Мысалы, 2021 жылғы қаңтар-наурызда өндірістің өсуі 2020 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 16,4% болды.

Жұмыртқа бағасының жылдық өсуінің жеделдеуі соңғы айларда баяулады (2021 жылғы мамырда бағаның өсуі жылдық мән бойынша 30,2%-ды құрады). Бұған жем-

шөп дақылдарының дезинфляциясы жағдайында өндірушілер бағасының жылдық өсу қарқынының 2021 жылғы сәуірде 36,3%-ға дейін (2021 жылғы наурызда – 46,5%) бәсеңдегені ықпал етті. Бұл ретте, нарықта ұсыныстың төмендегені байқалады. Мәселен, 2021 жылғы қаңтар-наурызда жұмыртқа өндірісі 2020 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 16,3%-ға қысқарды. (47-график).


2021 жылғы мамырда жемістер мен көкөністер бағасының өсу қарқыны жылдық мән бойынша 4,4%-ға дейін баяулады. Жеміс-көкөніс өнімдерінің құрылымында пиязға (-19,6%), лимонға (-17,3%), алмаға (-6,6%) және қызанаққа (-1,4%) жылдық дефляция тіркелді.

2021 жылғы мамырда Қазақстанда қанттың тұтыну бағасының өсу қарқыны 29,3%-ды құрады. Қазақстанда тұтынылатын дайын ақ қанттың басым бөлігі импортпен қамтамасыз етіледі (СЖРА ҰСБ деректері бойынша 2020 жылы ішкі нарықтағы сатылымның жалпы көлеміндегі қант импортының үлесі 74,9%-ды құрады). Бұл импорттың негізгі үлесі ресей қантына тиесілі, бұл ішкі бағалардың Ресейдегі бағаларға тәуелділігін арттырады, онда соңғы айларда 2020 жылы Ресейде қант қызылшасынан түсім болмауынан туындаған қанттың жоғары бағасы сақталады (2021 жылғы сәуірде Ресейдегі қант бағасының жылдық өсуі 40,3% болады).

Сонымен қатар, азық-түліктің әлемдік бағасының өсу үрдісінің сақталуы байқалады (48-график). Мәселен, 2021 жылғы сәуірде май бағасының жылдық өзгеруі 99,5%-ды, қант – 58,3%-ды, дәнді дақылдар – 26%-ды, сүт өнімдері –24,1%-ды және ет – 5,1%-ды құрады. Бұл өз кезегінде импортталатын өнім құнының өсуіне, сондай-ақ сыртқы және ішкі бағалар арасындағы дифференциалдың ұлғаюы және экспорттың өсуі жағдайында ішкі өндірушілер бағасының өсуіне әкелуі мүмкін.


2021 жылғы мамырда ЖЖМ, киім және аяқ киім бағасының тұрақты өсуі нәтижесінде **азық-түлікке жатпайтын инфляция** жылдық мән бойынша 6,7%-ға дейін жылдамдады (49-график). 2021 жылғы наурыз-мамырда ЖЖМ құны 11,4%-ға, киім мен аяқ киім құны 1,4%-ға өсті. Аталған тауар топтарының үлесі 2021 жылғы қаңтардағы 1,7 п.т. бастап 2021 жылғы сәуірде 3,5 п.т. дейін жылдық азық-түлікке жатпайтын инфляцияға көтерілді. Бұл ретте, тауарлардың қалған

46-график.Өсімдік майы, ж/ж, %




Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ФАО БҰҰ

47-график.Тауық жұмыртқасы, ж/ж, %




Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

48-график.Азық-түлік тауарларының әлемдік бағасының индексі, 2014-2016=100, %




Дереккөзі: ФАО БҰҰ

49-график. Азық-түлікке жатпайтын инфляция серпіні, %




Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

50-график. Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың салымдары, ж/ж, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

51-график. Сервистік инфляция серпіні, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

бөлігіне бағаның өсуі тұрақты болып қалады (50-график).

ЖЖМ қымбаттауы өзіндік құнның өсуімен, экономикалық белсенділіктің қалпына келуімен және 2020 жылы акциздер мөлшерлемесінің өзгеруінен кейінге қалдырылған нәтижемен байланысты. 2021 жылдың басынан бастап шикі мұнайды сатып алу құны 17,9%-ға өсті, 2021 жылғы сәуірде өндірушілердің бағасы жылдық мән бойынша 12,7%-ға өсті. Экспорт бағаларға қосымша проинфляциялық қысым көрсетеді. Мысалы, 2021 жылғы наурызда экспорттың өсуі жылдық мән бойынша 17,1%-ды құрады. Бұл ретте, Өзбекстан, Нидерланды және Тәжікстан дайын қазақстандық отынды негізгі импорттаушы елдер болып табылады (2021 жылғы қаңтар-наурыздағы деректер бойынша).

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар құрылымында импорттық баға өскен жағдайда киім мен аяқ киім бағасының жылдық өсу қарқыны, сондай-ақ тұтынушылық сұраныстың біртіндеп қалпына келуі байқалады.

Сонымен бірге, 2020 жылғы жоғары база аясында пандемия басталған кезеңде сұраныстың артуы нәтижесінде бағасының өсуі жеделдеген тауарлар бағасының жылдық өсу қарқынының баяулағаны байқалады. Мысалы, фармацевтикалық өнім бағасының жылдық өсуі 5,5%-ға дейін, жуу және тазалау құралдары – 8,2%-ға дейін бәсеңдеді.

2021 жылғы мамырда халыққа көрсетілетін **ақылы қызметтер** бағасының жылдық өсуі 5,1% болды (51-график). 2021 жылғы ақпан-наурыздағы реттелетін қызметтердің жылдық дефляциясынан кейін мамырда баға қайтадан өсіп, 4,1%-ды құрады. 2021 жылғы мамырда электр энергиясы бағасының жылдық өсуі бір ай бұрын 2,8%-дан 7%-ға дейін жылдамдады. Бұлай өсу 2021 жылғы 1 сәуірден бастап энергия өндіруші ұйымдар тарифтерінің көтерілуіне байланысты, соның нәтижесінде 2021 жылғы сәуірде электр энергиясын өндірушілер бағасының жылдық өсуі 23,8%-ды құрады (айлық өсім – 8,1%).

Сонымен қатар, бір уақытта 2021 жылғы мамырда жекелеген реттелмейтін қызметтер, атап айтқанда қоқыс шығару, көлік, шаштараз қызметтерінің, сондай-ақ қоғамдық тамақтану және тұру қызметтерінің бағасының өскені байқалады. Бағаның өсуі карантиндік шектеулерді жеңілдету және халықты

жаппай вакциналау жағдайында сұраныстың артуына, сондай-ақ өткен жылғы төмен базаның статистикалық нәтижесінің әсеріне байланысты болды.

2021 жылғы наурыз-сәуір айларында бензин мен азық-түлік бағасының күрт өсуіне жауап ретінде инфляциялық күтулердің артқаны байқалды.

Сәуірде инфляцияны бір жыл бұрын сандық бағалау 2021 жылғы қаңтар-ақпандағы 6,7%-бен салыстырғанда 7,2%-ды құрады (52-график). Халық арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша респонденттердің 47%-ы келесі 12 ай ішінде бағаның ағымдағы өсу қарқынының сақталуын немесе олардың жеделдеуін күтуде.

Бұрынғыдай, өткен айда бағаның өсуін белгілеген респонденттердің көпшілігі (85%) азық-түлік өнімдерін таңдайды. Сонымен қатар, жыл басынан бері бұл үлестің төмендегені байқалады. Сәуірде азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсуін белгілеген респонденттердің үлесі (наурыз айындағы 4,5%-дан 6,9%-ға дейін) өсті. ЖЖМ бағасының өсуін белгілеген респонденттердің үлесі күрт артты (53-график).


Шектеу шараларының қолданылуы аясында респонденттер арасында белгісіздіктің жоғары деңгейі сақталып отыр – сұрақ қойылғандардың үштен бірі соңғы айларда өз болжамдарын бағалауға қиналады.

52-график. Инфляция және күтілетін инфляция, ж/ж, %



Дереккөзі: FusionLab

53-график. өткен айда ЖЖМ бағасының тез өсуін белгілеген респонденттер үлесі, %



Дереккөзі: FusionLab

3-бокс. Электр энергиясы тарифтерінің көтерілуінің тұтынушылық инфляцияға әсері

ҚР Энергетика министрлігі 2021 жылғы 1 сәуірден¹ бастап энергия өндіруші ұйымдардың шекті тарифтерінің орта есеппен 15%-ға көтерілетіні туралы хабарлады. Көмірдің, оны тасымалдаудың, әкелінетін жабдықтың қымбаттауы, жаңартылатын энергия өндірушілерден электр энергиясын міндетті түрде сатып алу көлемінің артуы және т. б. факторлар көтерілудің негізгі себептері болды. Нәтижесінде ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша 2021 жылғы сәуірде электр энергиясын өндірушілер бағасының жылдық өсуі 2020 жылғы шілдеде тарифтердің көтерілуін есепке алғанда, 23,8%-ды (бір айдағы өсім – 8,1%) құрады (1-график).

Сонымен бірге, энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың электр энергиясын жеке сату тарифтері 2021 жылғы сәуірде жылдық мән бойынша 2,8%-ға көтерілді. Өткен жылғы шілдедегі шекті тарифтердің артуы халықтағы жүктемені бюджеттік және коммерциялық ұйымдарға қайта бөлуге байланысты халық үшін электр энергиясы бағасының өсуіне үйлесімсіз әсер еткенін айта кеткен жөн.

Энергиямен жабдықтаушы ұйым тарифінің құрылымында энергия өндіруші ұйымнан электр энергиясын сатып алудың 50% тиесілі болуы мүмкін. Осыған байланысты, энергия өндіруші ұйымдар тарифтерінің өсуі нәтижесінде өңірлердің басым бөлігінде энергиямен жабдықтаушы ұйымдар тарифтерінің өсуі алдын ала күтіледі (2-график). Уәкілетті органның берілген және келісілген кәсіпорындардың өтінімдерін келісу барысын назарға алғанда, соңғы пайдаланушылар үшін алдағы

¹ «Электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 14 желтоқсандағы № 514 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2021 жылғы 30 наурыздағы № 108 бұйрығы.


үш ай ішінде (2021 жылғы мамыр-шілде) тарифтер көтерілуі мүмкін. Ұйымдардың мақұлданған және келісуге берілген өтінімдерінің жалпы өткен жылы іске асырылған тәсілді қайталауды – бюджеттік ұйымдар үшін барынша өсуді және заңды тұлғалар үшін ішінара өсуді көздейтінін атап көрсету қажет.

Бұл ретте энергия өндіруші ұйымдардың шекті тарифтерінің ағымдағы артуы жүктемені тұтынушылардың басқа топтарына қайта бөлуді ескере келгенде, үй шаруашылықтарына шектеулі әсер етеді. Осыған байланысты, энергиямен жабдықтаушы ұйымның тарифіндегі электр энергиясын сатып алу үлесін және тұтыну бағалары индексінің құрылымындағы электр энергиясының үлесін назарға ала отырып, 2021 жылы энергия өндіруші ұйымдардың шекті тарифтерінің артуынан жылдық инфляцияға тікелей салым бағалау бойынша 0,1 п. т. құрауы мүмкін. Бұл ретте, өндіру кезінде электр энергиясы пайдаланылатын тұтыну тауарлары мен көрсетілетін қызметтердің өзіндік құнын арттыру түрінде мультипликативтік әсер арқылы тарифтердің өсуін өзгертуге болады.

1-график . Электр энергиясы бағасының өзгеруі, % ж/ж




2-график. Жыл басынан бері тарифтердің өзгеруі, %




Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ, 25.05.2021ж. жағдай бойынша тиісті өңірлер мен республикалық маңызы бар қалалардағы энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың және ҚР ҰЭМ ТМРК сайттарының материалдары
Энергиямен жабдықтаушы ұйымның тарифтері уәкілетті органның келісуінде тұрған өңірлер

54-график. Республикалық бюджет кірістерінің құрылымы



Дереккөзі: ҚР Қаржы министрлігі

55-график. Республикалық бюджеттің жалпы және мұнайға жатпайтын тапшылығы, ІЖӨ-ге %-бен



Дереккөзі: ҚР Қаржы министрлігі, ҚРҰБ есептеулері

3.5 Фискалдық саясат

2021 жылғы бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша жалпы және мұнайға жатпайтын бюджет тапшылығының жоғары мәндері сақталуда, бұл жылдық мән бойынша бюджет кірістерінің төмендеуі кезінде шығынды бөлігінің айтарлықтай өсуіне байланысты болды.

2021 жылғы бірінші тоқсанда республикалық бюджет тапшылығы 2020 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 3,5 есе ұлғайып, 957,2 млрд теңге болды. Бюджет тапшылығының кеңеюі, ең алдымен, жылдық мән бойынша кірістердің (5,1%-ға) қысқаруы кезінде шығындардың (20,1%-ға) едәуір өсуіне байланысты болады. Биылғы жылғы сәуірде 2021 жылға арналған республикалық бюджеттің өлшемдері нақтыланды, оған сәйкес салық-бюджет саясатының әлеуметтік бағыты және экономиканың нақты секторын қолдау күшейтілді. Фискалдық өлшемдерді түзету салық түсімдерін арттыру жағына қарай кейбір қайта қараумен қатар Ұлттық қордан нысаналы трансфертті ұлғайту есебінен бюджеттің кіріс бөлігін (1 трлн теңгеден 1,85 трлн теңгеге дейін) кеңейтуді көздейді. Ұлттық қордан жоспарланған қосымша нысаналы трансфертті бөлу «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасының іс-шараларын қаржыландыруға және COVID-19-ға қарсы күреске жұмсалатын бюджет шығыстарының болжамды ұлғаюымен қатар жүреді. Ашып айтқанда, қаржыландыру әлеуметтік саланы қолдауға, мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға, ауыл шаруашылығы мен ТКШ саласын дамытуға, республикалық және жергілікті жолдарды салу мен жөндеуге, шағын және орта бизнесті қолдауға бағытталатын болады.

2021 жылғы қаңтар-наурызда ресми трансферттердің кіріс бөлігіне 1 201,7 млрд теңге сомасында қаражат түсті, оның ішінде кепілдік берілген трансферт 802 млрд теңгені, нысаналы трансферт – 276 млрд теңгені, төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер – 124 млрд теңгені құрады.

Мұнайға жатпайтын бюджет тапшылығы (Ұлттық қордан берілетін трансферттерді және шикі мұнайға кедендік әкету баждарын есепке алмағанда, бюджет тапшылығы) Ұлттық Банктің бағалауы бойынша 2021 жылғы қаңтар-наурызда 2,2 трлн болды, бұл 2020

жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 4,4%-ға аз (55-график).

2021 жылғы қаңтар-наурызда республикалық бюджеттің кірістері 2020 жылмен салыстырғанда 5,1%-ға қысқарды және 2,6 трлн теңге болды. Кірістердің қысқаруының негізгі себебі салық түсімдерінің 6,3%-ға (бюджет кірістеріндегі үлесі 50,5% болды) және ресми трансферттер түсімдерінің 6,7%-ға (үлесі-47,1%) төмендеуі жатады.

Салық түсімдерінің төмендеуі коронавирустың таралуына қарсы күрес шеңберінде шектеу шараларының сақталуы аясында қосылған құн салығынан түсетін түсімдердің қысқаруына байланысты болды. Салықтық емес түсімдердің 2,2 есе өсуі «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ-дан пайдаланылмаған қаражаттың қайтарылуына, сондай-ақ мемлекеттік органдар салатын әкімшілік айыппұлдар бойынша түсімдерге неізделген (56-график).

2021 жылғы қаңтар-наурызда республикалық бюджет шығыны 2020 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 20,1%-ға ұлғайып, 3,4 трлн теңге болды. Республикалық бюджет шығындарының өсуіне әдеттегідей әлеуметтік көмек пен әлеуметтік қамтамасыз ету шығыстары (үлесі – 28,2%) негізгі үлесін қосты, олардың өсуі 12,4% болды. Денсаулық сақтауға жұмсалатын шығындардың өсуі 51,5%-ды (үлесі – 16,9%) құрап, коронавирустың таралуына қарсы күрес шеңберінде эпидемияға қарсы іс-шаралар мен вакцинация жөніндегі іс-шараларды жүргізуге байланысты болды. Сондай-ақ, білім беруге арналған шығыстардың – 48,5%-ға (үлесі – 9,4%) және борышқа қызмет көрсету шығыстарының 53,6%-ға (үлесі-9,6%) өскені белгіленді.



Ақша базасы Ұлттық Банктің кассаларындағы қолма-қол ақшаны қоспағанда, Ұлттық Банк айналымға шығарған қолма-қол ақша, банктердің аударылатын және басқа да депозиттері, банктік емес қаржы ұйымдарының аударылатын депозиттері және Ұлттық Банктегі теңгедегі мемлекеттік және мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдардың ағымдағы шоттары.

Ақша-кредит саясатының трансмиссиялық тетігі – ақша-кредит саясаты құралдарының экономиканың өсуі, инфляция сияқты соңғы макроэкономикалық көрсеткіштерге әсер ету процесі. Тар ақша базасы – бұл банктердің Ұлттық банктегі басқа депозиттерін есептемегенде ақша базасы.

Ақша-кредит саясатының трансмиссиялық тетігінің пайыздық арнасы – пайыздық мөлшерлемелерді реттеу арқылы орталық банктің экономикаға әсерін сипаттайтын трансмиссиялық тетік арнасы.

Ақша массасы (М3) Ұлттық Банк пен банктер баланстарының шоттарын шоғырландыру негізінде айқындалады. Ол айналыстағы қолма-қол ақшадан және ұлттық және шетел валютасындағы банктік емес заңды тұлғалар-резиденттер мен халықтың аударылатын және басқа депозиттерінен тұрады.

Аударылатын депозиттер – бұл барлық депозиттер, олар: 1) кез-келген уақытта номиналы бойынша айыппұлсыз және шектеусіз ақшаға айналдыруға болады; 2) чек, тратта немесе май тапсырмасы арқылы еркін аударылады; 3) төлемдерді жүзеге асыру үшін кеңінен қолданылады, аударылатын депозиттер тар ақша массасының бөлігі болып табылады. Басқа депозиттерге, негізінен, белгілі бір уақыт өткеннен кейін ғана алынуы мүмкін жинақ және мерзімді депозиттер жатады немесе оларды қарапайым коммерциялық операцияларда пайдалану үшін ыңғайлы етпейтін және негізінен жинақтау механизмдеріне қойылатын талаптарға жауап беретін әртүрлі шектеулер бар. Бұдан басқа, басқа депозиттерге аударылмайтын салымдар мен шетел валютасында көрсетілген депозиттер де кіреді.

Базалық инфляция – бұл әкімшілік, оқиғалар мен маусымдық сипаттағы жекелеген факторлардың әсерінен бағаның қысқа мерзімді біркелкі емес өзгеруін болдырмайтын инфляция. Базалық мөлшерлеме – ақша нарығындағы номиналды банкаралық пайыздық мөлшерлемелерді реттеуге мүмкіндік беретін Ұлттық Банктің ақша-кредит саясатының негізгі құралы. Базалық мөлшерлеменің деңгейін белгілей отырып, Ұлттық Банк орта мерзімді кезеңде баға тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі мақсатқа қол жеткізу үшін ақша нарығының таргеттелетін (нысаналы) банкаралық қысқа мерзімді мөлшерлемесінің нысаналы мәнін айқындайды.

Ең төменгі резервтік талаптар (ЕРТ) – банк өз кассасында қолма-қол ақша және Ұлттық Банктегі корреспонденттік шоттардағы ақша түрінде ұлттық валютада қолдайтын банк міндеттемелері сомасының міндетті үлесі (резервтік активтер). Банктердің резервтелген міндеттемелерінің көлемі ЕРТ стандарттарымен реттеледі.

Еркін өзгермелі айырбас бағамы. ХВҚ-ның өзгермелі валюта бағамы режимі шеңберіндегі қолданыстағы жіктеуі бойынша орталық банк бағамның нарықтық факторлардың әсерінен қалыптасуына мүмкіндік беретін бағамның деңгейі немесе өзгеруі үшін бағдарларды, оның ішінде операциялық бағдарларды белгілемейді. Бұл ретте орталық банк ұлттық валюта бағамының құбылмалылығын тегістеу немесе оның шамадан тыс өзгеруінің алдын алу үшін, сондай-ақ қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін ішкі валюта нарығына тұрақты емес әсер етуді жүзеге асыру мүмкіндігін өзіне қалдырады.

Инфляция – тауарлар мен қызметтер бағасының жалпы деңгейін арттыру. Қазақстанда инфляция тұтыну бағаларының индексімен өлшенеді.

Инфляциялық таргеттеу – бұл инфляцияның мақсатты деңгейіне жетуге бағытталған ақша-кредит саясатының режимі.

Кері РЕПО – алдын ала белгіленген баға бойынша белгілі бір мерзімнен кейін кері сату міндеттемесімен бағалы қағазды сатып алу мәмілесі, Ұлттық Банк Ұлттық Банктің кепілмен қамтамасыз ету тізбесіне сәйкес бағалы қағаздар кепілімен банктерге теңгелік өтімділікті беру мақсатында кері РЕПО операцияларын жүргізеді. Ашық нарық операциялары – базалық мөлшерлемеге жақын пайыздық мөлшерлемелердің деңгейін қалыптастыру мақсатында ақша нарығындағы өтімділікті ұсыну немесе алып қою үшін Ұлттық Банктің аукциондар нысанындағы тұрақты операциялары.

Нақты айырбастау бағамы – екі елде өндірілетін тауарлардың салыстырмалы бағасы: елдер арасындағы тауарлар алмасуының пропорциясы. Нақты бағам номиналды бағамға, валюта бағамдарының арақатынасына, ұлттық валютадағы тауарлар бағасына байланысты.

Негізгі капиталдың жалпы жинақталуы – өндіріс процесінде ұзақ уақыт бойы пайдаланылатын қаржылық емес активтердің өсуі. Негізгі капиталдың жалпы жинақталуы мынадай компоненттерді қамтиды: а) істен шығуды шегергендегі жаңа және қолданыстағы негізгі қорларды сатып алу; б) өндірілген материалдық активтерді ірі жақсартуға арналған шығындар; в) өндірілмеген материалдық активтерді жақсартуға арналған шығындар; г) өндірілмеген шығындарға меншік құқығын беруге байланысты шығыстар.

Тұрақты қол жеткізу операциялары – ашық нарық операцияларының нәтижелері бойынша қалыптасқан өтімділік көлемдерін түзету жөніндегі ақша-кредит саясатының құралдары, тұрақты тетіктер екі жақты мәмілелер шеңберінде жүзеге асырылады, мұнда мәміленің бір тарапының субъектісі Ұлттық Банк болып табылады. Бұл операциялар банктердің бастамасы бойынша жүргізіледі.

Тұтыну бағаларының индексі – халық тұтыну үшін сатып алатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге бағалардың жалпы деңгейінің өзгеруі. Инфляцияны есептеуге арналған Қазақстанның тұтыну қоржыны үй шаруашылықтары шығыстарының құрылымын көрсетеді және халықты тұтытуда ең көп үлес салмақты алатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді қамтиды, ТБИ ағымдағы кезең бағаларындағы тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің тіркелген жиынтығы құнының алдыңғы (базистік) кезең бағаларындағы оның құнына қатынасы ретінде есептеледі. Индексті Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті есептейді.

Тұтынушы себеті – бұл адамның немесе отбасының айлық (жылдық) тұтынуының типтік деңгейі мен құрылымын сипаттайтын тауарлар мен қызметтер жиынтығы. Мұндай жинақ қолданыстағы бағалардағы тұтыну себетінің құнына сүйене отырып, ең төменгі күнкөріс деңгейін есептеу үшін қолданылады. Тұтыну себеті сонымен қатар тұтынудың есептік және нақты деңгейлерін салыстыру базасы, сондай-ақ валюталардың сатып алу қабілетін анықтауға негіз болады.

Тікелей РЕПО – алдын ала белгіленген баға бойынша белгілі бір мерзімнен кейін кері сатып алу міндеттемесімен бағалы қағазды сату мәмілесі, Ұлттық Банк артық теңгелік өтімділікті алу мақсатында тікелей РЕПО операцияларын жүргізеді.

Шығарылым алшақтығы. Әлеуетті шығарылымның пайызымен көрсетілген ІЖӨ ауытқуы. Белгілі бір уақыт аралығында нақты ІЖӨ мен әлеуетті ІЖӨ арасындағы айырмашылықты білдіреді. Елде пайдаланылатын ресурстардың тиімділігін көрсететін индикатор ретінде қызмет етеді. Нақты шығарылым әлеуетті шығарылымнан асып кеткен жағдайда (оң

алшақтық), өзге де тең жағдайларда, экономиканың қызып кетуіне байланысты бағаның өсу қарқынын жеделдету үрдісін қалыптастыру күтіледі.

Ықтимал шығарылым. Ол экономикадағы өндіріс деңгейін көрсетеді, оған өндіріс факторлары толық жүктелген және толық жұмыспен қамтылған кезде қол жеткізуге болады. Бағаның өсу қарқынының өзгеруіне алғышарттар жасамай өндіруге және іске асыруға болатын өнім көлемін көрсетеді.

Ішкі жалпы өнім (ІЖӨ) – пайдаланылған өндіріс факторларының ұлттық тиістілігіне қарамастан тұтыну, экспорт және жинақтау үшін мемлекет аумағындағы экономиканың барлық салаларында бір жыл ішінде өндірілген барлық түпкілікті тауарлар мен қызметтердің нарықтық құнын көрсететін көрсеткіш.

Экономиканы долларландыру – бұл шетел валютасы (көбінесе АҚШ доллары) ел ішінде немесе оның экономикасының жекелеген секторларында операцияларды жүзеге асыру үшін қолданыла бастайтын жағдай, ұлттық валютаны ішкі ақша айналымынан шығарып, жинақтау құралы, құн өлшемі және төлем құралы ретінде әрекет етеді.

TONIA мөлшерлемесі – мемлекеттік бағалы қағаздармен автоматты РЕПО секторында биржада жасалған, бір жұмыс күні мерзімге репо ашу мәмілелері бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлемені білдіреді.

НЕГІЗГІ ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

БКЖ СҚБЖ – ТШО кен орнындағы болашақ кеңейту жобасы және сағалық қысымды басқару жобасы

б.т. – базистік тармақ

ЕМ – дамушы нарықтар

ЕТЖ – ең төменгі жалақы

ЕО – Еуропалық Одақ

ЕОБ – Еуропалық орталық банк

ЖЖМ – жанар-жағармай материалдары

ИИДМБ - Индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы

ҚДКБҚ – Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры

ҚҚБ – Қазақстан қор биржасы

ҚҚС - қосылған құн салығы

ҚОҚ – «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ

ҚПО – Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг

ҚР АШМ – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі

ҚРҰБ – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

ҚРҰҚ – Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры

МБҚ – мемлекеттік бағалы қағаздар

Млн – миллион

Млрд – миллиард

МӨЗ – мұнай өңдеу зауыты

НТАБ – нақты тиімді айырбас бағамы

ОПЕК – мұнай экспорттаушы елдер ұйымы

п.т. – пайыздық тармақ

Ресстат – Ресей Федерациясы мемлекеттік статистикасының федералдық қызметі

РФ ОБ – Ресей Федерациясының Орталық Банкі

СЖРА ҰСБ – Стратегиялық жоспарлау және реттеу агенттігі Ұлттық статистика бюросы

ТБИ – тұтыну бағаларының индексі

ТШО - Теңізшевройл

ҰЭМ – Ұлттық экономика министрлігі

ФАО – Біріккен ұлттардың азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы

ФРЖ – Федералды резервтік жүйе

ХВҚ – Халықаралық валюта қоры

ІЖӨ – Ішкі жалпы өнім

ЭДМ – Ресей Федерациясының Экономикалық даму министрлігі

ЭҚТ – Экономикалық қызмет түрлері

